Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 38 (1093)

30.09.2022

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

1 – ҚАЗАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІ

ШАРАПАТЫ МОЛ «ШАПАҒАТ» ОРТАЛЫҒЫ

БІЗ БӘРІМІЗ ДЕ БАҚЫТТЫ ҒҰМЫРДЫ АҢСАЙМЫЗ. ӘР АДАМ ЖАҚСЫ ӨМІР СҮРУГЕ БАРЫНША ТАЛПЫНАДЫ-АҚ. БІРАҚ... БҰЛ – БІРІМІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗДАН КЕЛСЕ, ЕНДІ БІРІМІЗДІҢ ЖОЛЫМЫЗ БОЛМАЙ, БАСҚАН ҚАДАМЫМЫЗ ҚАТЕ БОЛЫП ШЫҒАДЫ. МҰНЫ БІРІМІЗ ЕРТЕ ТҮСІНІП КҮРЕСЕМІЗ, ЕНДІ БІРІМІЗДІҢ БҰЛАЙ ЕТУГЕ МҰРШАМЫЗ БОЛМАЙ ЖАЙ ҒАНА МОЙЫНСҰНАМЫЗ. ҚАЛАЙ ДЕСЕК ТЕ ЕШБІР АДАМ ӨЗІНЕ ЖАМАН ӨМІРДІ ТІЛЕМЕСІ ХАҚ. ӘРКІМДЕ ҰРПАҒЫНЫҢ ЖАНЫНДА САЛИҚАЛЫ ҚАРТАЮДЫ АРМАНДАЙДЫ. АЛАЙДА.... ТАҒДЫРҒА АЙЛА БАР МА?

Қилы тағдырлы жандардың басы қосылып, бейқам өмір сүріп, бұйығы тірлік кешіп жатқан мекеменің бірі – қарттар мен мүгедектер үйі. Қартайған шақта балаларынан шапағат көре алмаған қариялар мекен еткен орталықтың тынысымен танысуда Текелі қаласындағы «Шапағат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесіне табан тіредік. Тағдыры бөлек тұрағы бір жандар мекен еткен қарттар үйінің қазіргі ресми атауы осылай аталады.

Әлеуметтік қызмет көрсету орталығының директоры Алма НҰРМЫХАНОВАНЫҢ айтуынша мұндағылардың дені зейнет жасына жеткен қариялар, I және II топтағы мүгедектер мен ұдайы басқа адамның көмегі мен күтіміне мұқтаж жалғызбасты жандар.

«Мекемені басқарғаныма он жылдай уақыт болды. Қазіргі таңда орталықта 317 қарт бар. Бұл – орталықта қосымша ашылған күндізгі күтім бөліміне келетін 30 адамды қосқанда. Өздеріңіз жақсы білетіндей, Текелі қаласында қарт адамдар көп тұрады. Сондықтан осындай жандарға арнайы бөлім ашылған еді. Яғни, қалада тұратын қарт кісілер таңғы сегізде келіп, кешкі 16:00 мен 17:00 шамасында үйлеріне қайтады. Олар да орталықта тұрып жатқандармен бірге тамақтарын ішеді, дәрігер мамандардан кеңестерін алады, тренажерларға барады. Таңнан кешке дейін үйде жалғыздан жалғыз отырғанша біздің орталыққа келіп, серпіліп қайтады. Олар мұнда қуана келіп, үйлеріне көтеріңкі көңіл күймен оралады.

Әлеуметтік қызмет көрсету орталығына келгендердің арасында артынша балалары, туыстары үйіне қайтып алып кеткендер де бар. Бұл істе қалалық мешіттің имамы мен шіркеу попының көмегі көп тиді. Солардың әңгімелерінен кейін орталыққа өткізген қариялардың балалары мен туыстары ойланып, артынша ізін суытпай алып кетті. Осындай ізгілікті істің арқасында өткен жылы 17 қарт бала-шағасының ортасына оралса, биылғы жыл басынан 11 адам өзінің отбасымен қауышты. Осылай райынан қайтып, ата-анасын алып кетушілер қатары жыл сайын арта түсетін шығар деп ойлаймын.

Өткен жылы мекеменің 30 жылдық мерейтойын атап өттік. Алғашқыда қарттар үйі деп аталғанымен кейінгі жылдары мекеменің атауы өзгерді. Бұл жерге басшы болып келмей тұрғанда қарттар үйі деген атау маған қатал болып естілетін-ді. Бірақ келген соң мұнда ата-әжелердің аялы алақаны мен ақ батасы бар екенін, ұйықтап жатқан мейірім мен адамгершілікті оятатын орын екенін ұқтым, көзім жетті.

Жалғасы 13-бетте

НЕГЕ?



АЛАЯҚ РИЭЛТОРЛАР КӨБЕЙДІ

Биыл пәтер жалдау бағасы шарықтап шыға келді. Шарықтағаны соншама көп адам қалтасынан қағылып-ақ жатыр. Әсіресе, Алматы, Астана секілді мегаполистарда бір бөлмелі пәтер құны 150 мың теңгеден бастап, 750 мың теңгеге дейін өсті, тіпті құны 1 миллионға жеткен пәтерлер де бар. Мұның салдарын студенттер тартып жүр. Ондай ақшаға пәтер жалдап тұруға шамалары жоқтар қайда барарын білмей сенделіп қалды.

Мұнымен қоса баспананы жалға беретін адамдардың қайсысы пәтердің шын иесі, қайсысы делдал екенін түсініп болмайсың. Үй сатып немесе пәтер жалға алмас бұрын құжаттарын тиянақты тексерген жөн. Әйтпесе алаяқтар өз тұзағына түсіреді. «Олх», «Крыша» сынды баспана нарығына байланысты қосымшаларды ашып қалсаңыз, өте арзан бағада әрі бар жағдайы жасалған, тиянақты пәтерлерді көріп таң қалатыныңыз анық. Сөйтіп өзіңізге ұнағанын таңдап хабарлассаңыз, тұтқаның ар жағындағы адам уатсап желісіне жазуыңызды өтінеді. Кейін барып оның риэлтор екенін, ол пәтердің өтіп кеткендігін, басқа пәтерлерді қарау үшін белгілі бір қаражат жіберсеңіз, телеграм қосымшасына жабық топқа қосып қоятынын айтады.

Жалпы делдалық деген қазақта бұрыннан бар ұғым. Базар орталықтары, сауда орындарында болсын сауда-саттық осы делдалдардың көмегімен жүзеге асып жататын-ды. Ал бүгінде заманына қарай осы адамдар түрлі ұйым, компаниялармен бірігіп, пәтерлерді сатып, жалға беріп, риэлтор атанып жүр. Тіпті бұл көп адамның күнкөріс кәсібіне айналып та кеткен. Дегенмен өзінің қара басын ойлағандар жерлестеріне, отандастарына жаны ашымаса, басқасы не істемейді. Осындай қиын-қыстау заманда бір-бірімізге көмек көрсетіп, демеудің орнына аяқтан шалғанымыз қалай?

Өткен жылы цемент, кірпіш, газды бетон сияқты құрылысқа ең қажетті материалдардың бағасы қымбаттағаны сол еді, елдегі жаңа тұрғын үй құны да шарықтап шыға келген-ді. Яғни, құрылыс материалдары баспана бағасына тікелей әсер етті. Айта берсек, жылжымайтын мүлікке қатысты мәселе бастан асады. Ішін ашитыны, баспана іздеп жүргендер неге қалтасынан қағыла беру керек? Алаяқ риэлторлар қашанғы тайраңдап жүрмек? Бұл туралы әркім түрлі ой айтқанымен, нақты іске асатын шара жоқ. Неге?

А. НҰРЖАПАР.

АҢДАТПА

ОБЩЕСТВО 3-стр.

ГЛАВА РК ВЫПУСТИЛ ОБРАЩЕНИЕ К НАРОДУ КАЗАХСТАНА

МАМАНДЫҒЫ – МАҚТАНЫШЫ 5-бет

ШӘКІРТ ЖАНЫНА НҰР ҚҰЙҒАН

ПОЭЗИЯ 8-бет

ЕСІГІНДІ ҚАҒАРМЫН

1 – ҚАЗАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІ 13-бет

ШАРАПАТЫ МОЛ «ШАПАҒАТ» ОРТАЛЫҒЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БРИФИНГ

АУДАН ЭКОНОМИКАСЫ ІЛГЕРІЛЕП, ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҮСТІНДЕ

Қаратал ауданының экономикалық әлеуеті артып келеді. Бұл туралы аймақ әкімі Ерлан Исабеков Журналистер үйінде өткен брифингте айтты.

Басқосуда аудан басшысы Қаратал ауданында инвестиция тартуға, игерілмеген жерлерді қайтаруға бағытталған жұмыстарды тілге тиек етті.

Баяндамашының айтуынша, ауданның сегіз айлық көрсеткіші бойынша экономика жағынан даму көрсеткіші жоғары. Бүгінде аймақ экономикасына 5,3 млрд. инвестиция тартылған. Ал бюджеттен тыс инвестиция сомасы 2 млрд. 711,7 млн. тенге немесе 51 пайызды құрайды. Қазіргі уақытта өңірде жаңа жобалар ұсынып, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтып отырған бірқатар кәсіпорындар бар. Мәселен аймақта кремний өндейтін «Казсиликон» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ашылды. Кәсіпорын ағымдағы жылы жаңғырту жұмыстарын жүргізіп наурыз айында өндірісті іске қосты. Онда кварц өндіру қуаты жылына 40 мың тонна, ал кремний жасау қуаты жылына 6 мың тонна. Кәсіпорында 249 жаңа тұрақты жұмыс орны құрылды. Екінші пештің құрылысы биыл басталып, 2023 жылы іске қосылмақ. Келешекте 100 жаңа тұрақты жұмыс орын ашу жоспарлануда. Мұнда бірінші пештің қуаттылығы 6 мың тонна болса, екінші пеш жылына 7,2 мың тонна кремний өндіретін болады.

Сонымен қатар мал шаруашылығы негізінде ет пен шұжық өндіретін «Қаратал селекция-гибридтық орталығы» жұмыс істеуде. Мұнда шығарылатын өнім 100 пайыз экспортқа бағытталыпты. Сондай-ақ «ТастобеАгроФуд» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Сүт өндіріс кешені» жұмыс жасауда. Кешен тәулігіне 10 мың литр сүтті Талдықорған қаласындағы «JLC» сүт өңдеу зауытына өткізіп, ел игілігіне қызмет етуде.

Баяндамада белгілі болғандай өңірде 3 жаңа жанар-жағармай құю стансаларының құрылысы басталған. Олар «GASSOIL», «Гелиос» және «QAZAQ OIL» брендтерінің жанармай құю станциялары. Нәтижесінде аталған үш жоба бойынша 40-тан аса жаңа тұрақты жұмыс орны ашылмақ.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес игерілмей жатқан ауылшаруашылық жерлерді мемлекет меншігіне қайтару бойынша ауданда бірқатар жұмыстар жүргізілуде. Өңірде жыл басынан бері 18,7 мың гектар пайдаланылмай жатқан жер учаскелері мемлекет меншігіне қайтарылыпты.

Осыған байланысты ауданда пайдаланылмайтын жер учаскелерін анықтау жөніндегі комиссия құрылып, конкурс және инвестициялық жобалар арқылы алынған жер учаскелерінің тиімді пайдаланылуына сараптама жүргізілуде. Одан бөлек 20,9 мың гектар жайылымдық жерге мал басын тіркеп, ауыл шаруашылығы айналымына берген. Барлық қайтарылған жер учаскелері алдағы уақытта ауылшаруашылығы мақсатындағы конкурсқа шығарылып, жер учаскесін қажет ететін, инвестициялық жобалары бар азаматтарға ұсынылмақ. Осы жұмыстың нәтижесінде ауданда іске асырылып жатқан инвестициялық жобалардың өсуіне оң серпін берілетін болады.

Айта кетейік, келер жылы ауыл шаршылықты дамыту үшін бордақылау алаңдарын салу, қаз өсіру, егін егу және жылыжай салу бойынша 10 жаңа жоба қолға алынбақ.

Арайлым НҰРЖАПАР

ТАҒАЙЫНДАУ

ЖОҒАРҒЫ СОТТЫҢ АЗАМАТТЫҚ ІСТЕР ЖӨНІНДЕГІ СОТ АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ НҰРСЕРІК ШӘРІПОВ ӨҢІРДІҢ СУДЬЯЛАР КОРПУСЫНА ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ЕРЖАН КЕНЕНБАЕВТЫ ТАНЫСТЫРДЫ. БҰҒАН ДЕЙІН ОЛ АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ СОТЫНЫҢ СУДЬЯСЫ ҚЫЗМЕТІН АТҚАРҒАН.

ОБЛЫСТЫҚ СОТТЫҢ ЖАҢА ТӨРАҒАСЫ

Кездесуге облыс әкімі Бейбіт Исабаев пен өңірдің мемлекеттік және құқық қорғау органдарының бірінші басшылары қатысты.

Н. Шәріпов Е. Кененбаев туралы айта келе, оның 15 жылдық судьялық еңбек өтілі мен заңгер ретіндегі мол тәжірибесін атап өтті.

Спикер: «Е.Кененбаевты білікті криминалист және әділ судья ретінде білеміз» деп сот төрелігін қамтамасыз ету қажеттігіне тоқталды.

Облыс әкімі Б. Исабаев жоғары кәсіби біліктілікті талап ететін сот төрелігін жүзеге асыру барысында судьялардың жауапкершілік жүгінің ауыр екендігіне назар аударды.

Жұмыс сапары шеңберінде Н. Шәріпов облыстық соттың, Талдықорған қалалық соты мен мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьяларымен кездесу өткізді. Ол заңдарға енгізілген түзетулерге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды арттыруға, судья әдебі нормаларын сақтауға және электрондық сот төрелігін дамыту қажеттігіне баса назар аударды.

Жиын соңында спикер өңірдің судьялар корпусының алдына Жоғарғы Соттың жобаларын іске асыру бойынша бірқатар міндеттер жүктеді.

Айта кетейік, Кененбаев Ержан Әбдірақымұлы 1964 жылы Алматы облысында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

1992-2007 жылдары Алматы қаласының прокуратура органдары мен түрлі мекемелерде заңгер болған.

2007-2014 жылдары – Алматы облысы Панфилов аудандық сотының судьясы.

2014 жылдан осы тағайындауға дейін – Алматы қалалық сотының судьясы қызметін атқарған.

Жетісу облыстық сотының баспасөз қызметі.

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАЛЫҚ СОТЫНЫҢ ҰЖЫМЫ ЖАҢАДАН ТАҒАЙЫНДАЛҒАН СУДЬЯМЕН ТОЛЫҚТЫ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 13 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ № 1009 ЖАРЛЫҒЫМЕН ЖАНАР ҚАДЫРҒАЛИҚЫЗЫ БАТЫРБАЕВА ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАЛЫҚ СОТЫНЫҢ СУДЬЯСЫ ЛАУАЗЫМЫНА ТАҒАЙЫНДАЛДЫ.

ЖАҢА СУДЬЯМЕН ТОЛЫҚТЫ

Жаңадан тағайындалған судья Ж.Батырбаеваны Талдықорған қалалық сотының төрағасы Ә.Үмбетай таныстырды.

Жанар Қадырғалиқызы 1982 жылғы 13 тамызда Атырау облысында дүниеге келген. Юриспруденция мамандығы бойынша 2013 жылы Қазіргі заманғы гуманитарлық институтын және 2019 жылы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі Академиясын тәмамдаған.

Ол 2003-2015 жылдар аралығында Атырау қаласы № 2 сотының бас маман – сот отырысының хатшысы, 2015-2022 жылдары – Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының бас сарапшысы, бас консультанты лауазымдарында қызмет атқарған.

Талдықорған қалалық сотының баспасөз қызметі

МЕРЕКЕ АЯСЫНДА

«ҚАЗАҚКОНЦЕРТ» ӨНЕРПАЗДАРЫ ТАЛДЫҚОРҒАНҒА КЕЛДІ

Салтанат сарайында «Ел бірлігі – жаңа Қазақстан» атты жаңа жоба аясында баспасөз конференциясы өтті.

Конференцияда «Қазақконцерт» мемлекеттік ұйымының директоры Ақтоты Рахметоллақызы «Ел бірлігі – жаңа Қазақстан» жобасының алдағы мақсаттарымен бөлісті. Оның айтуынша өңірлер мен Елорда арасындағы мәдени байланысты нығайтуға бағытталған жоба 2025-ші жылға дейін жалғасын таппақ.

Шара барысында ауқымды жоба ұйымдастырушылары жаңадан құрылған Жетісу облысына тілектерін айтып, ұлттық аспап домбыраны сыйлады. Сондай-ақ «Астана сазы» ансамбілінің орындаушысы Дарын Құдайберген үш ішекті домбырада құлақ құрышын қандырар күй тартып берді.

Конференцияның басты мақсаты ел бірлігін нығайтып, жаңа Қазақстан құру. Осыған байланысты «Қазақконцерт» мемлекеттік ұйымы және Жетісу облыстық халық шығармашылығы орталығы арасында мәдени қарым-қатынаста болу туралы келісімге меморандумға қол қойылды.

Шара соңында қонақтарға гүл шоқтары табысталып, естелік суретке түсті.

Айдана СМАҒҰЛ

МАМАН МІНБЕРІ

НЕКЕ БҰЗУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САЛДАРЫ

МЕМЛЕКЕТТІҢ ӘЛЕУЕТТІ БОЛУЫ – НЕКЕНІҢ БЕРІК, ҰРПАҚТЫҢ ДЕНІ САУ БОЛУЫНА ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ. НЕКЕ ҚИЫЛҒАННАН КЕЙІН ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ АРАСЫНДА ОТБАСЫЛЫЛЫҚ, ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТАР ПАЙДА БОЛАДЫ ДА, НЕКЕ БҰЗЫЛҒАН ЖАҒДАЙДА БҰЛ ҚАТЫНАСТАРДАН КӨПТЕГЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ САЛДАР ТУЫНДАЙДЫ.

Некеден туындайтын қатынастар, ішкі мәселелер отбасы мүшелерінің өзара келісімі бойынша шешіледі. Алайда қатынастар бұзылған жағдайда ол құқықтық нормалар арқылы реттеледі. Ерлі-зайыптылар арасындағы қатынастардың төмендеуі – некені бұзуға себеп болады. Ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік, алименттік, бала тәрбиесіне қатысты даулар болған жағдайда сот тәртібімен бұзылады. Ол сот тәртібіне түскенде некені бұзу туралы өтініш сотқа түскен күннен бастап бір ай өткеннен кейін қаралады. Егер некені сақтап қалудың мүмкіндіктері болса, сот істі қарауды кейінге қалдырып, ерлі-зайыптыларға татуласу үшін алты айға дейін мерзім тағайындауы мүмкін. Егер татуластыру шаралары нәтиже бермесе және жұбайлардың біреуі некені бұзуды талап етсе неке бұзылады.

Ерлі-зайыптылардың арасында кәмелетке толмаған балалардың тұрғылықты жерін анықтау жөніне дау туған жағдайда бұл мәселе кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотта қаралады. Сонымен қатар әйелдің жүкті кезінде және нәрестенің бір жасқа толмаған кезінде әйелдің келісімінсіз некені бұзуға жол берілмейді.

Неке шарты ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік емес жеке қатынастарды, балаларға қатысты құқықтар мен міндеттерді реттей алмайды. Алайда некені бұзу құқықтық салдар туғызбай қоймайды. Неке бұзылып, бірақ, мүлік бөлінбеген жағдайда ерлі-зайыптылардың ортақ бірлескен меншігі сақталады, олардың бала тәрбиесіне қатысты құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды. Бұл орайда неке бұзылғаннан кейін баладан бөлек тұратын ата-ана баланың күтімі мен тәрбиесіне араласып тұруға құқылы және міндетті, ал, екінші ата-ананың оған кедергі келтіруге құқығы жоқ.

Неке бұзылғаннан кейін бала тәрбиесіне қатысты ата-аналар ортақ келісімге келе алмаған жағдайда құқығы бұзылған ата-ана жергілікті қорғаншылық және қамқоршылық органына бала тәрбиесіне қатысты өтінішпен жүгінуге құқылы. Қорғаншылық және қамқоршылық орган ортақ бір келісімді бекітеді. Ал, бұл келісім орындалмаған жағдайда бала тәрбиесіне қатысты құқығы бұзылған ата-ана балалардың өз тәрбиесінде болу уақытын белгілеу туралы талап арызбен кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотқа жүгіне алады.

А. ТЛЕУҒАЖЫҚЫЗЫ,
Көксу аудандық сотының бас маман-сот мәжілісінің хатшысы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ РК

ГЛАВА РК ВЫПУСТИЛ ОБРАЩЕНИЕ К НАРОДУ КАЗАХСТАНА

21 СЕНТЯБРЯ НА САЙТЕ АКОРДЫ ПОЯВИЛОСЬ ОБРАЩЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА КАСЫМ-ЖОМАРТА ТОКАЕВА К НАРОДУ КАЗАХСТАНА, ПЕРЕДАЕТ ИА «NEWTIMES.KZ». РЕДАКЦИЯ NT ПРИВОДИТ ОБРАЩЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА БЕЗ ИЗМЕНЕНИЙ.

Уважаемые соотечественники!

Нынешний год стал годом всесторонних преобразований и реального обновления.

По итогам состоявшейся в июне конституционной реформы сформирован оптимальный баланс между ветвями власти.

Государство будет строго придерживаться принципа «сильный президент — влиятельный парламент — подотчетное правительство».

Следующие составы депутатов мажилиса и маслихатов будут избираться уже по новой смешанной системе — партийным спискам и одномандатным округам.

Создается Конституционный суд, который начнет свою работу с января следующего года.

Институт уполномоченного по правам человека обрел конституционный статус.

Завершено перераспределение ряда властных полномочий от президента к парламенту.

Акимы регионов теперь выбираются на альтернативной основе.

В Конституцию введена норма о том, что земля и ее недра принадлежат народу.

С целью реализации этого положения мною инициирована принципиально новая программа «Нацфонд — детям».

Конституционная реформа является органичной частью масштабной программы политической модернизации, реализуемой мной с момента избрания главой государства.

В рамках данной программы был внедрен уведомительный принцип проведения мирных собраний.

Упрощена процедура регистрации политических партий, снижен регистрационный барьер.

Введена 30-процентная квота для женщин и молодежи в предвыборных партийных списках и при распределении депутатских мандатов.

Уменьшен порог для прохождения политических партий в мажилис с 7 до 5%.

В избирательных бюллетенях появилась графа «против всех».

Создан институт парламентской оппозиции.

Декриминализована статья 130 и гуманизирована статья 174 Уголовного кодекса. Отменена смертная казнь.

Внедрен механизм прямой выборности сельских акимов и многое другое.

В целом, проведенные за последние три года преобразования и конституционная реформа сформировали новую модель государственно-политического устройства.

Поэтому в Послании я публично и открыто обозначил весь график электорального цикла.

Таким образом, будут поэтапно перезагружены все ключевые государственные институты: президент, парламент, правительство, маслихаты.

С момента обнародования данной инициативы прошло около месяца.

Этого времени было достаточно, чтобы взвешенно, без спешки обсудить и оценить все вопросы.

В обществе имеется четкое понимание логики и перспектив наших планов трансформации политической системы.

Поэтому, согласно ранее объявленному электоральному графику и в соответствии с Конституцией страны, сегодня я подписал указ о назначении на 20 ноября 2022 года внеочередных выборов президента Республики Казахстан.

Данные выборы дают старт избирательному циклу, по итогам которого будет осуществлена кардинальная перезагрузка всей политической системы.

Это позволит нам в дальнейшем

сконцентрироваться на решении долгосрочных задач по обеспечению устойчивого экономического роста, повышению благосостояния и качества жизни граждан.

В своем Послании я обнародовал ряд масштабных социально-экономических мер, которые предстоит реализовать в ближайшем будущем.

В предвыборной платформе, которую я в скором времени представлю обществу, будут изложены новые инициативы, направленные на достижение социально-экономического прогресса.

Как действующий глава государства, гарантирую проведение избирательной кампании в строгом соответствии с законодательством, она пройдет справедливо, открыто и при широком участии отечественных и международных наблюдателей.

Призываю всех сограждан проявить ответственность, быть верными принципам демократии, законности и правопорядка, показать сплоченность и единство нашего народа.

Судьба и будущее Казахстана в руках каждого из нас.

Вместе мы построим справедливый Казахстан!

У БИЗНЕСА БОЛЬШЕ НЕ БУДЕТ ПЕРСОНАЛЬНЫХ ПРЕФЕРЕНЦИЙ

КАЗТАГ — ПРЕЗИДЕНТ КАЗАХСТАНА КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ПРОВЕЛ ВСТРЕЧУ С ПРЕДСТАВИТЕЛЯМИ КРУПНОГО БИЗНЕСА, СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА АКОРДЫ.

«В резиденции «Акорда» состоялось встреча президента с представителями бизнес-сообщества страны», — говорится в сообщении в пятницу.

В своем выступлении президент отметил, что цель сегодняшнего мероприятия — обсудить роль отечественного предпринимательства в дальнейшем развитии государства.

«*В послании народу Казахстана я особо подчеркнул неизменность базовой цели нашей экономической политики — качественный и инклюзивный рост благосостояния всей страны. Достичь этой цели можно только через построение свободной и эффективной рыночной экономики. Ведущая роль государства в экономике и, тем более, вмешательство государства в дела бизнеса должны и будут уходить в прошлое. Обязанность государства состоит в содействии законопослушному бизнесу как внутри страны, так и на международных рынках*», — сказал Токаев.

По его словам, продолжится работа по демонополизации экономики и открытию рынков.

«Конкурентное поле будет выровнено — больше не будет каких-либо персонифицированных преференций. Заниматься честным бизнесом в Казахстане должно быть выгодно и безопасно любому. Вне зависимости от связей в госаппарате и покровительства с его стороны. Это базовая установка. Мы будем развивать малый и средний бизнес, взращивать новую волну предпринимателей, поощрять разработку свежих идей, новых смыслов. В то же время государство не откажется от поддержки крупного, состоявшегося бизнеса. Напротив, именно от вас мы в первую очередь ждем созидательного участия в построении Справедливого Казахстана», — подчеркнул президент.

Он сообщил представителям бизнеса о принятии ряда решений с целью достичь этих целей. В частности, будут кардинально перезагружены налоговая политика и налоговое администрирование.

«В 2024 году заработает новый Налоговый кодекс. К его разработке бизнес будет подключен самым непосредственным образом. Это мое поручение правительству. С 2024 года будет запущено “регулирование с чистого листа”. Это избавит бизнес от избыточного административного прессинга. Будут полностью пересмотрены подходы к государственным закупкам и модель государственно-частного партнерства, усовершенствовано законодательство по недропользованию», — отметил глава государства.

Президент считает важным пересмотреть подходы к отраслевым политикам, в том числе к развитию агропромышленного комплекса, строительной отрасли, транспортно-логистического сектора.

«Как видите, перед нами — огромный фронт работы, справиться с которым можно только объединив усилия власти, общества и бизнеса. При этом еще раз подтверждаю, что принципы взаимодействия государства с бизнесом, которые я высказал в ходе нашей встречи 21 января, остаются прежними. Напомню, это честная конкуренция, прозрачность принимаемых решений, предсказуемость государственной политики, налоговая честность бизнеса, социальная ответственность предпринимателей», - заявил президент.

Он призвал представителей крупного бизнеса не оставаться в стороне от решения волнующих общество социальных проблем.

«Не менее важны и инвестиции в человеческий капитал: строительство современных детсадов, комфортных школ, больниц, сильных университетов, развитие туризма. Мы рассчитываем и на благотворительные акции с вашей стороны. Сейчас в стране остро стоит проблема нехватки школ, студенческих общежитий, спортивных объектов для молодежи. Ваша помощь имела бы большое значение для страны», — подчеркнул Токаев.

В завершение глава государства отметил важность продолжения конструктивного диалога между властью и бизнесом.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

ҚАРТТАРЫМ, АМАН-САУМЫСЫҢ?

«АУЫЛЫҢДА ҚАРТЫҢ БОЛСА, ЖАЗЫП ҚОЙҒАН ХАТПЕН ТЕҢ», «ҚАРТЫ БАР ҮЙДІҢ – ҚАЗЫНАСЫ БАР» ДЕГЕН АТАЛЫ СӨЗДЕРДІ ЖИІ АЙТҚАНМЕН ІС ЖҮЗІНДЕ ҚАРТТАРҒА ДЕГЕН ҚҰРМЕТ БҮГІНГІ ҚОҒАМДА МАРДЫМСЫЗ. «ҮЛКЕНГЕ ҚҰРМЕТ, КІШІГЕ ІЗЕТ КӨРСЕТУ ПАРЫЗЫМЫЗ» ЕКЕНІН БІЛСЕКТЕ БҰЛ МІНДЕТТІ КЕШЕГІ КЕҢЕСТІК ЖӘНЕ БҮГІНГІ ҚОҒАМНЫҢ СҮРЕҢСІЗ КӨРІНІСТЕРІНЕН ЖИІ БАЙҚАП ЖҮРМІЗ.

Анығын айтқанда, бір ауылды бір ақсақал билейтін байырғы дәуірді аңсаймыз, көксейміз. Қартқа бағыну, оның қадірін білу, үлкеннің алдын кеспеу үрдісі қазақ қоғамынан жойылып барады. «Атаңа не істесең, алдыңа сол келеді» деген тәмсілді де көнекөз қарттар айтқан. Бірақ осы тәмсілден нәтижеге шығып жатқаны шамалы. Халықаралық қарттар күні – 1990 жылы 14 желтоқсанда БҰҰ Бас ассамблеясында бекітіліп жарияланды. Бұл айтулы мереке Қазақстанда 1-ші қазанда аталып өтеді.

Осы тұста ақын Сағи Жиенбаевтың ауыл қарттары деген жыр жолдары еріксіз ойға оралады. Себебі 1-қазан қарттар күні.

– Дүниеге келер бір рет,
Дария-кеуде,
Тау-мүсін,
Құрыштан құйған құдірет –
Қарттарым, аман-саумысың?
Өздерің болсаң жанында,
Ел іші жомарт,
Еңселі,
Дән иісі жүрген қанында
Даламның бір-бір бөлшегі, – деп жырлаған Сағи ақынның құрыштан құйған құдіреті, дән иісі сіңген қарттар неге жабығып жүр. Аштықты, зобалаң жылдарды, қуғын-сүргінді, қан майданда тобықтан қан кешкен қарттардың қатары сиреді. Көбі Мұқағалидың жырымен айтқан-да келместің кемесіне мініп кетті. Бірлі-жарымы кемені күтіп, қалт-құлт етіп жағада тұр. Көгілдір экранның түймесін басып қал-саңыз бала-шағасынан зәбір көрген, қартайғанда далада қалған қарттардың кескін-келбетін көресіз. Кіндігінен өрбіген бала-шағасының тас-бауырланып, қариядан теріс айналып тұрған сүреңсіз сұрқын көріп «Әкеңе істегенің, түбі алдыңа келеді-ау» деп кіжінесің. Сол далада қалған қарттардың зейнетақысы жақсы да, өздері жаман болып, қарттар үйіне өткізіліп жатады. Сенбесеңіз қарттар үйіне барыңызшы, сондағы қариялардың көбісі-нің бала-шағасы бар. «Айналшық жегендей» шыр айналып қарттар үйінен шықпайды екен десеңіз қателесесіз. Қазір қарттардың қадірі қашқан заман. Сан мәрте қарттар үйіне барып қаузаған тақырып. «Неге қартайған шағыңызда бұл араға келдіңіз?» деген сауалды қойғанбыз. «Қызмет бабымен жүріп бала тәрбиесін қолдан шығарып алыппын немесе шалдың көзі кетіп еді, келінге жақпадым, бала екеуінің ұрыс-керісінен жалықтым, болмаса балаларының айтатын сылтауы кезінде шешемізді тастап кеткен, ішеді көргіміз келмейді» деген қатқыл жауаптарды сан естігенбіз. «Үкімет өлтірмейді деп осында келдім. Таза төсек, ыстық тамақ бар, өлсем осылар жерлейді» деген әлгі қарттардың балалары зейнетақыларын алуға келіп тұратынын қарттар үйіндегі қарттар да жасырмайды.

– Қаусаған қасіретті қара шалмын
Бұл күнде қара шалмен санасар кім
Жанымды жегідей жеп қарттар үйі
Күн сайын қуат кеміп аласардым.
Онша тар емес еді-ау пәтеріңде,
Осында тастап кеттің әкелдіңде.
Сынаптай сыртын берсе туған балаң,
Тірідей өлгені ғой әкеңнінде, – деп бозінгендей боздаған Алтынбек Қоразбаевтың ақын Абдрахман Асылбековтің «Қара шал», «Қара Кемпір» әніндегі қарттар үйіндегі қариялардың тұрманы түгел болғанмен жан дүниелеріндегі жараны ешкім де емдеп жаза алмайды. Қарттар күніне орай ғаламтор желісін ақтарып отырып Қазақстан бойынша бес жылғы мәліметті көзіміз шалды. Яғни, 2017 жылдан кейін қарттар үйіндегі қариялар туралы толық мәлімет жоқ. Демек, үкімет те және Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі де қарттар үйіндегі қариялардың бес жылғы есебін жарияламаған соң олардың санының не өскенін, не кемігенін білмедік.

2017 жылғы мәлімет бойынша Қазақстанда қарттар үйінде тұрып жатқан қарттардың саны 35 мыңнан асады екен. Жалпы республикада 70-ке жуық қарттар үйі бары айтылған. Екіге бөлінген Алматы облысында бұрын екі бірдей қарттар үйі болған. Оның бірі Текелі қаласында, ондағы қарттар үйінде бүгінгі таңда 317 қарт тұрады. *«Олардың 213-і ер адам, 104-і әйел адам, ал 62-і жарымжан жандар. Жас ерекшеліктеріне тоқталсақ, ең жасы 37-де, ал ең кәрісі 87-де. Жылына қарттар үйіне 50-60 адам келіп түседі»,* – дейді «Шапағат» қарттар үйінің директоры Алма Мұханғалиқызы.

Ал Қонаев қаласындағы қарттар үйінде 131 қария тұрады. 230 адамға лайықталған мекеме жылына 15-20 адам қабылдайтынын айтады. Мұндағы қарттардың ең үлкенінің жасы 90-да, 131 қарттың 56-ы әйел, 75-і ер адамдар, 48-і мүгедектер.

1-ші қазан қарттар күні болғандықтан, тек осы мереке қарсаңында қайырымдылық көрсетуге ниеттілер қоңырау шалып мазалайды екен. «Қандай қайырымдылық жасайсыңдар десек, концерт қойсақ, мектептен оқушыларды апарсақ деп өтінетіндер де бар екен. *«Айналайын-ау оқушыларды әкелетін бұл жер мұражай емес қой, мен сендерді түсінемін, тапсырма берілген соң жан ұшырып жатсыңдар. Жарайды екі-үш баланы алып кел, одан көп болмайды, қарттармен сөйлессін деп айттық»,* – дейді қарттар үйінің директоры Алма Мұханғалиқызы. Қарттар мерекесі тек қарттар үйімен шектелмейді. Бірақ біздің қоғам қарттар күні келгенде ала шапқын болып, осы мекемені жағалап қайырымдылық көрсетіп жатқандарын әлеуметтік желілерге салып, эфирге шығарып тың жаңалық ашқандай қарттарды мүсіркеп жатады. Ал жайшылықта әкім-қаралардың есігін жағалап, табан тоздырып жүрген қарияларға олар *«Біз заң шеңберіне ғана көмек бере аламыз, үйді кезегі келгенде ғана алады болмаса заң орындарына жүгініңіз»* – деп еңселерін езіп, босағаларынан шығарып салып жататындары жасырын емес-ті. Қарттар күніне орай оларға көрсетіліп жататын құрмет те түрлі форматтарға ойысады. Атап айтқанда, қарттарға құрмет көрсету акциялары, мемлекет тарапынан біржолғы қаржылай көмек, сондай-ақ, азық-түлік себеті, шипажайларға жолдама және тағы басқаларын айтуға болады. Бір ғажабы бұл көрініс тек қарттар күніне ғана емес, жыл бойы неге ұйымдастырылмасқа?! Әлеуметтік жағынан аз қамтылған қарт адамдарға, аға буын жалғызбасты зейнеткерлер мен мүгедектерге көңіл бөлу, оларға материалдық көмекті мереке қарсаңында көрсетіп, сонан соң ізім-ғайым жоқ болып кету жергілікті биліктің әдетіне айналған. Болмаса өздері бас-көз болатын жұмысты кәсіпкерлерге жүктеп, қарттар күні келгенде ілуде бір көрінетін қызырдай жалт етіп, жалынды сөздермен қарттарды жұбатып, азық-түлігін беріп, соңын концерттік бағдарламалармен аяқтап жіберетін үрдіс бізде бір ізге түсіп алған. Қарияларға тек мереке қарсаңында дүние жүзінің түкпірінде мерекелік іс-шаралар өткізіліп, білім алушылар мен жастар тарапынан қарияларға арналған алуан түрлі қызықты да танымды жобалар ұйымдастырдық деп жаһаннамға жар салудың өзі әбестік.

Қарттық ол – тірі адамның басына бір келетін кезең. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының жіктеуіне сәйкес, қарт адамдарға 60-74 жас, кәрілерге 75-89 жас аралығындағылар, ал ұзақ жасаушыларға жасы 90-нан асқандар кіреді. Қазақстан Республикасында қарттарды әлеуметтік қамсыздандырудың аралас жүйесі қалыптасты. Ол зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін (мемлекеттік бөліп тарату және жинақтаушы) мүгедектігі, асыраушысынан айырылу жағдайына және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды, әлеуметтік қызметтер көрсетуді және әлеуметтік көмек беруді қамтиды.

Алматы облысында 238 000 еңбек және соғыс ардагері болған. Екіге бөлінген соң Жетісуда соның 87 000 қалған. Жалпы саны 8000 тыл ардагері болса, оның 2547-і Жетісу облысына тиесілі. Ұлы Отан соғысының 25 ардагері болса, Алматы облысында 17-і, Жетісу облысында 5-еуі тұрып жатыр. Қариясын қадірлеп, қарттарын құрметтеген ел боламыз десек, қариялар туралы жаңа Заң қабылдану керек. Онда ата-анасын қарамай далаға тастаған, қарттар үйіне өткізгендер-дің жазасы қатаң болмай, қарттар-дың қадірі артпайды. Ол үшін 30 жыл бойы бақылаудан шығып кеткен идеологиялық тәлім-тәрбиені қалыпқа салмай, салымыздың суға кеткені кеткен.

Мақаланы Сағи Жиенбаевтың «Қарттарым аман сау жүрші» жырымен бастап, жырымен аяқтауды жөн көрдік.

Алдында жүрші көзімнің,
Асылым, алтын қазынам.
Ауыра қалсам, өзіннің
Пейіліңмен-ақ жазылам.

Сағынтып талай жыр туар,
Оралар әлі-ақ сын жыршы.
Даламның иісі бұрқырап,
Қарттарым аман-сау жүрші!

Айтақын МҰХАМАДИ
Суреттер ғаламтордан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАНЫНДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ

Гүлжан Шарипова туралы бір үзік сыр

Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға. Қазан айының алғашқы жексенбісінде осы бір аяулы жандардың мейрамы. Мереке қарсаңында Көксу ауданына қарасты Айнабұлақ ауылындағы №12 мектептің ұстазы Гүлжан ШАРИПОВАМЕН тілдескен едік.

Гүлжан Ақымжанқызы 1962 жылы Алматы облысы Кеген ауданына қарасты Жылысай ауылында дүниеге келген. 1979 жылы М. Горький атындағы (қазіргі Майлы Орманов) мектепті алтын медальмен бітіріп шығады.

Ұстаздықты жанына жалау еткен ол мұғалім боламын деген ойынан танбай Алматыға келіп, Абай атындағы педагогикалық институттың филология факультетіне оқуға түседі. Оқу орнын 1983 жылы қызыл дипломмен тәмамдайды. Ол шақтарда оқу бітірген жас мамандар жолдама арқылы облыстың шалғай ауылдарына жіберілетін еді. Гүлжан Ақымжанқызы да жолдамамен Талдықорған облысына жіберіледі. Осылай Киров ауданына (*қазіргі Көксу*) қарасты Талапты орта мектебіне қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып орнығады.

Аз ғана уақыт ішінде жас маман мектептің тәжірибелі ұстаздарынан мамандықтың қыр-сырына қанығады. Сөйтіп, ұжым ортасында беделді мұғалім атанады. 1999 жылдан 2012 жылға дейін Жамбыл атындағы орта мектепте абыроймен қызмет етеді. 2012 жылдан бүгінге дейін Айнабұлақ ауылындағы №12 орта мектепте шәкірт тәрбиелеп, балалардың білім алуына, өсіп жетілуіне, саналы азамат болуына өз үлесін қосып келеді.

«Ойлап қарасам мұғалімдікке кездейсоқ келмеген екенмін. Мектеп қабырғасында оқып жүргенімде білімге деген құштарлығым сусынға шөлірке-ген жанның ұмтылысындай еді... Сонда ұстаздарымыздың айтқанын екі етпейтін едік. Сөйтіп жүріп бала оқыту, тәрбиелеу, педагогтың қажырлы еңбегі арманыма арқау болды», – дейді кейіпкеріміз ағынан жарылып.

Уақыт шіркін кімге тоқтау болған?! Мұғалім болуды арман еткен, бүгінде ел арасында шәкірт махаббатына бөленген тәжірибелі маман өзінің ұстаздық жолын ой елегінен осылайша өткізді.

Расында ұстаздық қызметті атқару үлкен жауапкершілікті, үздіксіз ізденіс пен қажырлы еңбекті талап етеді. Шәкірт жүрегіне жол табу да оңай жұмыс емес. Кейіпкеріміз ұстаз-дық етіп келетін әр күніне қуа-нып, марқаятынын да жасырмады. Оның білім саласына қосқан еңбегі ұшан-теңіз. Бұған әр жылдары алған марапаттары дәлел. Атап айтсақ, 2007 жылы Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері медалімен марапатталса, 2015 жылы жылдың үздік ұстазы атанады. Сонымен қатар Білім министрінің Құрмет грамоталары мен облыстық, аудандық білім басқармаларының марапаттарынан да кенде қалған жоқ.

«Шәкіртсіз ұстаз тұл» демекші, Гүлжан апайдың тәлімтәрбиесі мен білімін бойларына сіңіріп өскен шәкірттер жетерлік. Олардың алды бүгінде Қазақстанның түкпір-түкпірінде білімді де білікті маман иесі атанып, ұстаз абыройын асқақтатып, мерейін үстем етуде. Ұстазға ең маңыздысы, баға жетпес байлығы – шыңға шыққан шәкірттерінің көптігі. Ұстаз үшін бұдан асқан бақыт жоқ шығар.

Гүлжан Ақымжанқызы ұлағатты ұстаз ғана емес, әріптестері арасында мол тәжірибесімен бөлісе білген тағылымды жан. Өз ісінің білгірі ретінде өзгеден көмегін еш аяған емес. Кейінгі жас мамандарға жақсы жетекші болып келеді.

Бақытын еңбектен таба білген ұстаз отбасылық өмірде де бақытты, адал жар, ардақты ана, аяулы әже. Құдай қосқан жары Сембек аға да білім саласында қызмет етіп, шәкірт тәрбиелеген. Бүгінде құрметті демалыстағы зейнеткер.

«Адам ұрпағымен, ұлағатты ісімен мың жасайды» демекші, ұстаздар отбасындағы үш бала ата-анасының жолымен мұғалімдікті таңдап, ұрпақ сабақтастығының ізін жалғап келеді. Үйдің үлкені Бақытжан – әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде дәріс оқыса, екінші қыз Баян – Айнабұлақ бекетіндегі №12 орта мектебінде әлеуметтік педагог және шет тілінен сабақ береді. Ал қарашаңырақтың иесі Бағдат – Жамбыл атындағы орта мектепте информатика пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастаған. Кіші қыздары Бегзат – қаржыгер.

«Жолдасыммен отау құрғанымызға қырық жыл болды. Отағасы екеуміз 4 бала тәрбиелеп, олардан 9 немере сүйіп отырмыз», – дейді Гүлжан Ақымжанқызы.

Әңгіме желісінде Гүлжан апай мұғалімдік қызметпен өрілген өмір жолына шексіз риза екенін, ұлағатты ұрпақтарының ұстаздық жолды жалғағанына шүкіршілік ететінін де айтты.

Өмірін ұстаздық жолмен ұштастырған Гүлжан апай жақында зейнеткерлік демалысқа шықпақшы. Саналы ғұмырын сапалы қызмет етуге арнап, сансыз мамандықтың ішінде ұстаздық жолды таңдаған оның ел алдындағы еңбегі өлшеусіз-ақ. Кәсіби мереке қарсаңында қадірлі ұстазды төл мерекесімен құттықтап, отбасына амандық, деніне саулық тілейміз. Мерекеңіз құтты болсын, аяулы ұстаз!

Арайлым НҰРЖАПАР

Әріптес лебізі

Гүлмира Қожағалиева, ди-ректордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: – *Гүлжан апаймен әріптес болып келе жатқанымызға біршама жылдың жүзі болды. Сондай бір жақсы жан, ұжымда өзінің бар білгенімен бөлісіп жүреді. Біз секілді жастарға бағыт-бағдар беріп, жол сілтеп отырады. Сабырлылығы өз алдына бір бөлек. Әулеттерімен бірге бәрі педагог болғандықтан сауаттылықтары, тәрбиелі-ліктері мен тектіліктері бірден білініп тұрады. Әдебиет саласының маманы болғандықтан болар апаймен әңгіме айтсаң да бір сергіп, серпіліп қаласың.*

МАМАНДЫҒЫ – МАҚТАНЫШЫ

ШӘКІРТ ЖАНЫНА НҰР ҚҰЙҒАН

ҰСТАЗ – МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ. СЕБЕБІ ДАНА ДА, ҒАЛЫМ ДА, ӘНШІ ДЕ ӘУЕЛІ ҰСТАЗДЫҢ АЛДЫНАН ӨТЕДІ. ОСЫНДАЙ ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ ҰСТАЗДАРДЫҢ БІРІ АРАЙ МҰСИПАҚЫЗЫ.

Он жеті жылдан астам уақыт шәкірттерін білім нәрімен сусындатып келетін Еркін ауылындағы Е.Берлікожаұлы атындағы № 11 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін Арай Әшімханова бала шағынан мұғалім болсам деп армандады. Бесінші сыныптан бастап қазақ әдебиеті пәнінің мұғаліміне еліктеп, жүріс тұрысын, сөйлеу мәнерін қайталап жүретіні де әлі есінде. Осы пәннен түрлі жарыстарға қатыса жүріп, мектепті бітірген жылы І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетіне мұғалім мамандығына түседі.

Студенттік шағында танысып, артынша жұптасқан өмірлік жары да ұстаздық жолды таңдап, екеуі бір мектепте жұмыс жасады. Он бес жыл ханшайымдай еш қиындық көрмей өмір сүрген Арай ханым 2018 жылы қорғаны болған, кез келген қиындықта жанынан табылатын Құдай қосқан қосағынан айырылады. Жалғыздық жанына батса да балалары үшін есін жинап, ары қарай өмір сүруге бел буған. «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі сондай болмақ» деген нақыл сөзді өмірлік жолына ұстаным еткен педагог жас ұрпақты білім көкжиегіне жетелеуде аянбай тер төгіп келеді. Мектеп қабырғасындағы әр күнін текке өткізбей, өзін жан-жақты дамытуда түрлі курстарға, жарыстарға қатысады. Атап айтсақ, былтыр қалалық «Жыл мұғалімі – 2021» байқауында шығармашылық белсенділік танытып екінші орынды иеленді. Талмай ізденуінің арқасында бірінші санатты педагог сарапшы дәрежесін алды.

Ізденімпаз ұстаздың сөзінше мұғалімнің ең басты жетістігі өзінің емес, шәкіртінің білім деңгейімен өлшенеді. Сол үшін ол әр оқушысымен жеке-жеке жұмыс жасай отырып, кімнің қай салада таланты болса, соны барынша ашуға тырысатынын айтады. Шәкірттерінің ішінде Әсел Айдарқызының өзі секілді әдебиетті жаны сүйіп оқитынын әуелден байқап, оқушысын мүшәйраларға, пән олимпиадаларына қатыстыруды мықтап қолға алған. Қазақ тілі мен әдебиетінен түрлі жарыстарға қатысып әр кездері жүлделі орындарды иеленіп келген Әсел былтырғы оқу жылында мектепті үздік аяқтап, Сүлеймен Демирел атындағы университеттің қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша грант иегері атаныпты.

Е. Берлікожаұлы атындағы мектепте Әсел сияқты әдебиетке қызығып пәндік олимпиада, жарыстарға дайындалып жүрген оқушылар көп екен. Солардың бірі алтыншы сыныпта оқитын Аламан Өрісұлы өткен оқу жылында қалалық «Мағжан оқуларына» қатысып, Алғыс хатпен марапатталыпты.

Шәкірт жанына нұр құя білген Арай Мұсипақызы секілді ұстаздар барда білімді оқушылар қатары да арта түспек. Мамандығы мақтанышына айналған мерейлі мұғалімді төл мерекесімен құттықтап, шәкірт тәрбиелеудегі еңбегіңіз әрдайым елеулі бола берсін дейміз. Мейрамыңызбен, құрметті ұстаз!

Айдана СМАҒҰЛ

Дүйсенбі - Понедельник, 3 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05«Жәдігер»
06.25, 03.25 «Күй-керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 02.45 AQPARAT
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00, 02.10 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Бақыттың кілті»
14.10 «Апта»
15.15 «Тұлпардың тұяғы» арнайы жоба
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15 «Қызық екен...»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Т/х «Бауырлар»
23.20 «1001 түн» қоғамдық бағдарлама
00.35 «Сана» Ток-шоу

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті»
10.35 М/с «Мишки-братишки. Снова вместе»
11.00, 20.00 «Келінжан-4»
12.00, 21.00 Т/х «Көзімді жұмсам да...»
14.00 «АйнаLine»
15.00 Мегахит «Уцелевшая»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
23.00 Сериал «Другая жизнь Анны»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Жетім жүрек-2»
11.10 Т/х «Ене»
11.50, 23.50 «Күң мен ханзада»
13.40 «Құдалар»
14.50, 01.30 Сериал «Условия контракта-2»
16.10, 19.15 Т/х «Ангел хранитель»
17.10 «Көру керек»
17.40 «Кішкентай келін»
20.00 «Astana Times»
21.00 Т/х «Дастан»
01.50 «Жұрттың баласы»
02.40 «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 Сериал «Виновата любовь»
14.00, 02.25 Новости
14.15, 02.35 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 04.10 Басты жаңалықтар
19.00, 03.25 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Последняя сатья журналиста»
00.30 «Собор»
01.25 Сериал «Гибель империи»
04.05 «Той заказ»

КТК

07.05 «Жат туыстар»
08.30 «Три»
10.20 «Родтсвенные связи»
14.30 Х/ф «Королева бандитов»
16.30, 02.00 «Зәкира»
17.30 Т/х «Құпия қобдиша»
19.30, 03.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.45 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 Х/ф «Упертый»
23.00 Х/ф «Морские дьяволы. Дальние рубежи»
01.10 «На твоей стороне -2»
04.00-04.30 «КТК қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
11.50 Инфо-блок
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Ай мен күн» телехикаясы
14.30 «Спорт-тайм», инфо-блок
14.40 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Қасиетті Қонаев»
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 «QR.kz»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости Область Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
06.30, 05.00 «Ризамын»
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.00 Сериал «ХАНШАЙЫМ»
10.00 Мультсериал
10.00,11.40 Сериал «Сеня-Федя»
12.40 Кино «Человек в железной маске»
15.40 Кино «Одноклассники»
17.50 Х/ф «Отпетые напарники»
20.00 «Информбюро»
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Х/ф «Честный вор»
01.00 «31 әзіл»
02.00, 04.30 What s upp
02.30 «БАЗАРБАЕВТАР»
03.40 «1001 әзіл»
04.00 Balla Battle

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдық»
06.10,12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
07.10, 01.30 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.10, 19.30 Сериал «Скорая помощь»
13.50 «Ата-ана.Бала-шаға»
14.50, 21.50 Т/х «BOSS Әйел»
16.10, 00.00 «Девушки с макаровым»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
23.00 «Жалдамалаы әйелдер»
03.00 «Жайдарман»
04.00 Т/х «Япырай»

МОБИЛЬНАЯ ЛИНИЯ ТЕХОСМОТРА
с 03.10.2022 года по 31.12.2022 года. с. Капал.
Телефон: 87024441575

Сейсенбі - Вторник, 4 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 03.00 AQPARAT
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00, 03.35 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Бақыттың кілті»
14.10, 17.15 «Қызық екен»
15.15, 03.05 «Ауылдастар»
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Т/х «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.35 «Көңіл толқыны»
00.50 Футбол

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «Уәде»
10.35 Мультсериал
11.00, 20.00 Т/х «Келінжан-4»
12.00, 21.00 Т/х «Көзімді жұмсам да
14.00 «АйнаLine»
15.00, 23.00 Сериал «Другая жизнь Анны»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/ф «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Жетім жүрек-2»
11.10 Т/х «Ене»
11.50, 23.50 «Күң мен ханзада»
13.40 «Айтарым бар»
14.50, 01.50 Сериал «Улыбка пересмешника»
16.10, 19.15 «Ангел хранитель»
17.10 «Көру керекі»
17.40 Т/х «Кішкентай келін»
20.00 «Астана таймс»
21.00 Т/х «Дастан»
02.40 Т/х «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00, 02.55 Сериал «И все-таки я люблю...»
13.00 «Городские шпионы»
14.10 «Новости»
14.20 «Жаңалықтар»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.45 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Т/с «Последняя статья журналиста»
00.30 «Собор»
01.25 «Гибель империи»

КТК

07.05, 04.00-04.30 «КТК қоржынынан»
07.20,19.30, 03.30 Кешкі жаңалықтар
07.50 «Жат туыстар»
09.30, 21.00 Вечерние новости
10.10, 23.00 «Морские дьяволы. Дальние рубежи»
12.10, 21.40 Сериал «Упертый»
13.20 «Королева бандитов»
16.30, 02.00 «Зәкира»
17.30 Т/х «Құпия қобдиша»
20.00, 02.45 Астарлы ақиқат
01.20 Сериал «На твоей стороне-2»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Қазақ үні»
11.30 «QR.kz»
11.55 Инфо-блок
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 «Спорт-тайм», инфо-блок
14.40 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир
18.45 «Әсем әуен»
19.00 Д/ф «Бүгінгі дін»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости Область Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 20.00 «Информбюро»
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.00 Сериал «Ханшайым»
10.00, 10.30 Мультфильм
11.20, 12.30 Сериал «Сеня-Федя»
13.40 Х/ф «Одноклассники»
15.50 Х/ф «Одноклассники-2»
18.00 Х/ф «Честный вор»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Х/ф «Великолепная семерка»
01.40 «31 әзіл»
02.00, 04.30 What s upp?
02.30 Сериал «Базарбавтар»
03.10 Әзіл студио
03.40 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.10, 12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
07.10, 01.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.10, 19.30 Т/с «Скорая помощь»
13.50, 23.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
14.50, 21.50 «Босс әйел»
16.10, 00.00 «Девушки с макаровым»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
03.00 «Жайдарман»
04.00 Т/х «Япырай»

Сәрсенбі - Среда, 5 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00,03.35 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Бақыттың кілті»
14.10 Деректі фильм
15.15,03.00 «Дәуір даналары»
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15 «Қызық екен...»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Телехикая «Бауырлар»
23.20 «1001 түн» қоғамдық бағдарламасы
00.35 «Көңіл толқыны»
00.50 Футбол

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «В фокусе»
10.35 Мультсериал
11.00, 20.00 Т/х «Келінжан-4»
12.00, 21.00 Т/х «Көзімді жұмсам да
14.00 «АйнаLine»
15.00, 23.00 Сериал «Другая жизнь Анны»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/ф «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Жетім жүрек-2»
11.10 Т/х «Ене»
11.50, 23.50 «Күң мен ханзада»
13.40 «Айтарым бар»
14.50, 01.50 Сериал «Улыбка пересмешника»
16.10, 19.15 «Ангел хранитель»
17.10 «Көру керекі»
17.40 Т/х «Кішкентай келін»
20.00 «Астана таймс»
21.00 Т/х «Дастан»
02.40 Т/х «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00, 02.55 Сериал «И все-таки я люблю...»
13.00 «Городские шпионы»
14.10 «Новости»
14.20 «Жаңалықтар»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.45 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Т/с «Последняя статья журналиста»
00.30 Т/с «Собор»
01.25 «Гибель империи»

КТК

07.05, 04.00-04.30 «КТК қоржынынан»
07.20,19.30, 03.30 Кешкі жаңалықтар
07.50 «Жат туыстар»
09.30, 21.00 Вечерние новости
10.10, 23.00 «Морские дьяволы. Дальние рубежи»
12.10, 21.40 Сериал «Упертый»
13.20 «Королева бандитов»
16.30, 02.00 «Зәкира»
17.30 Т/х «Құпия қобдиша»
20.00, 02.45 Астарлы ақиқат
01.10 Сериал «На твоей стороне-2»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
11.30 «Бүгінгі дін»
11.50 Инфо-блок
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Сегодня»
14.10 «Спорт-тайм», инфо-блок
14.15 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир
18.45 «Әсем әуен»
19.00 «Мамандық маңызы»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости Область Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 20.00 «Информбюро»
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.00 Сериал «ХАНШАЙЫМ»
10.00, 10.20 Мультсериал
10.50, 11.50 «Сеня-Федя»
12.50 «Одноклассники-2»
15.00 Х/ф «50 первых поцелуев»
17.10 Х/ф «Великолепная семерка»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Кино «Остров Фантазий»
01.00 «31 әзіл»
02.00, 04.30 What's up?
02.30 Сериал «Базарбаевтар»
03.10 « Әзіл студио»
03.40 «1001 әзіл»
04.00 «Bala batlle»
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.10, 12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
07.10, 01.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.10, 19.30 Т/с «Скорая помощь»
13.50, 23.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
14.50, 21.50 «Босс әйел»
16.10, 00.00 «Девушки с макаровым»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
03.00 «Жайдарман»
04.00 Т/х «Япырай»

Открылось наследство после смерти Радченко Владимира Перовича, умершего 07.08.22 года. Наследникам обращаться к нотариусу Бекішбаеву А. С., г. Талдыкорган, ул. Шевченко, д. 146/4, тел: 41-37-73, в срок до 07.02.23 г.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӨҢІЛ ПЕРНЕСІ

«ТЕГІНЕ ТАРТҚАН ТЕКТІ» ҚЫЗ ЕДІ...

«Жәй кезде анау дейміз, мынау дейміз,
Жалынып жан қысылса Құдай дейміз.
Өмірге әкелетін, әкететін,
Тағдырдың жазғанына қалай дейміз» деп ақын Кенен Әзірбаев жырлағандай өлшеулі, қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырда біреудің ерте, біреудің кеш, татар дәм-тұзы таусылып бақилық болуы шариғи заңдылық қой.

Алланың әмірінен кім асыпты. «Топырақтан жаралғанбыз, топыраққа айналамыз» деп өзімізді-өзіміз жұбатамыз, өмірдің түбі өкініш екенін білеміз де, қолдан келер қайранның жоқтығына мойынсұнамыз. Дүниедегі ең ауыр нәрсе – жалған өмірдің қызығын да көрмей, жалындап тұрған шағында ажал құшқандарды көргенде жүрегің сыздап, қабырғаң қайысады. Өн бойыңда аяушылық сезімің оянғанмен шыр етіп жарық дүние есігін ашқанда тағдырдың маңдайға жазған жазуы сол ғой деп Алланың әміріне жүгінгеннен басқа шараң да болмайды.

Біз бір сыныпта отызға жуық бала оқыдық. 1967 жылы мектеп табалдырығын аттап, 1977 жылы орта мектепті аяқтадық. Ұйымшыл едік. Әлі күнге дейін мектеп бітіргенімізге қырық бес жыл болса да сол ауызбіршілігіміз бұзылған жоқ. Осы сыныптастар арасында бала-шағаларының бейнетін де, рахатын да, азамат болып ер жеткенін де көре алмай Бағила Байботаева, Бақыт Баймұқанов өмірден тым ерте жалындай алаулап тұрған шақтарында кетті. Әсия Қашағанова, Құрманғали Балтабаев, Еркін Нұрахунов елуді еңсермей бақилық болды. Ләззат Айтмұхаева өткен жылы дүние салды.

Сыныптағы 30 баланың әр қайсысының өзіндік орны бар еді. Соның ішінде Бейбіттің қазасын есту бәрімізге ауыр тиді. Төбеміздің жай түскендей есеңгіреп қалдық. Суық хабарды Әділет пен Раушан бірінші естіп, әлеуметтік желіде ортақ топта хабарлады. Қазақ қойдай қоңыр, момын, сабырлы, салмақты деп адамға баға беріп жатады ғой. Осы бағаны менде Бейбітке қаратып айтар едім. Он жыл бір партада отырып, Бейбіттің азаматтарға тең құрбыларына кейігенін өз басым бірде-бір рет көрмеппін. Тіпті, қарқылдап күлгенін де көрген емеспін. Қашан көрсең биязы қалпын жоғалтпайтын. Жымиып қойып әзілді де әдемі айтатын. Қорғасындай салмақтылығын көріп, тегінде бар тектілігіне қайран қалатынмын. Әкесі Нұртай аға 94 жасқа келіп, төсек тартып жатып қалғанша саптағы сарбаздай тік жүрді. Қанды қырғын, сұрапыл соғыс, аштықты көріп, шыңдалған болат семсердей жүзі суық болғанмен жүрегі жұмсақ, көргенін, көкірегіне түйгенін айтып мектепте де, ауыл советте де қызмет жасап елге бүйрегі бұрып тұратын. Бейбіттің бойындағы қажыр-қайрат әкесінен алған тәлімі болса, биязылығы анасы Айтжан тәтеден дарыған. Бейбіттің бауырмалдығы өз алдына бір бөлек әңгіме. Оның бойындағы дертке мойымай күресе білуі ерлікпен пара-пар. Инсульт алып ауыр ота жасалып, өлім аузында жатқанда сіңлісі Дана жиырма күндей ауруханада қасында болыпты. Кебін мен кебенектің қайсысын киеді деп үміт пен үрей арпалысып жатқанда татар дәм-тұзы таусылмай жарық дүниеге қайта оралған Бейбіт қызы Іңкәрға: *«Мен сен үшін ана дүниеден қайтып келдім»* депті. Алла Тағала Құдай қосқан қосағы Қайрат екеуіне екі қыз берген ғой. Кіші қызын қияға қондырып, немере сүйді. Көзін ашып көргені, аузын ашып өпкені, тұла бойы тұңғышы Іңкәрға көп алаңдапты. Қыз баланың жат-жұрттық екенін жиі ескеріп, теңін тапса құтты орнына қондырғысы келген. Денсаулығының ауырлығына қарамай немерелерін жанына алдырып, солардың асты-үстіне түсіп бәйек болып жүргенін көрген Дана: *«Бейбіт сен өзіңді күтпейсің бе? Саған еңкеюге болмайды, инсульт алғансың, аяқ-қолың ауырады. Әке-шешесі бар, өздері қарамай ма?»* десе *«Дана немере деген балдан тәтті болады, басыңа түскенде көресің»* депті. Өзі жарымжан ауырып жүрсе де бала-шағаның қамын күйттеп, ағайын-туыстың ауызбірлігін бекемдеп жүруші еді деген Дананың сөзі сай сүйегіңді сырқыратады. Ажал айтып келмейді ғой. Өзекті өртер өкініші де сол.

Ойда, қырда жүрген сыныптастар әлеуметтік желідегі чатта сырласып, бір-біріміздің амандығымызды біліп, қуанышымызға ортақтасып жатамыз. Биыл мектеп бітіргенімізге қырық бес жыл толуына орай қыз-жігіттер елу жылдыққа дейін кім бар, кім жоқ, қырық бес жылды да бір атап өтейік деп бастама көтергендердің бірі осы Бейбіт еді. Оған мен бара алмадым. 20-30, 40 жылдық кездесуден қалмадым. Осы кездесуге барам деп ұмтылған-ақ едім дәм татпады. Облыс екіге бөлінді. Біресе Қапшағай, біресе Талдықорғанға шапқыладық. Басқосудағы бейнетаспаны көрсем Бейбіт: «Айтақын келмеді, Бауыржанды қолтықтап жүр» деп назын айтыпты. Сол баяғы жымиған әдемі күлкімен түйреп тұр. Өмірден өтерден бір күн бұрын уатсап желісінде Байдәулет сыныптасымыз: *«Қыздар қалдарың қалай? Аман сау жүріңдер. 70-ке келіп, әйеліміздің, бала-шағаның алдында кетсек арман жоқ қой»* деген. Бұлқан-талқан болған Бейбіт: *«Байдан, сен Алладан көп сұра. Түйе сұрасаң бие береді. Неге 80-90 сұрамайсың?»* деп ренжіпті.

Амал қанша сол өзі айтқан 80-90 жас Бейбітке бұйырмады. Қаралы хабарды жұмыста отырып естідім. Төбемнен жай түскендей есеңгіреп қалдым. Жалма-жан ауылдағы қарындасыма қоңырау шалып, «Бейбіттен айырылып қалдық, естідің бе?» дедім. «Жоқ, жаңа ғана Данамен сөйлесіп, бауырымыздың жылдық асын 3-ші қыркүйекке бегіледік деп шақырту жібердім ғой» деді. «Сен анықтап білші жаназасын қашан шығарады ауылға қашан алып келеді деп сандырақтаппын. Қарындасым «Айтақын сен абыржымай есіңді жи, ауылға әкелмейді, не Алматыға, не күйеуінің ауылына алып баратын шығар» дегенде есімді жидым. Жүрегім шаншып, отырған орнымда тастай қатып қалыппын.

Бір кем дүние-ай, қайран Бейбіт-ай, сенде көштің-ау, мынау жалған дүниеден деп астан-кестен болған ойыммен арпалысып кеттім. Балам Жандарбек көлігін сайлап, жолға дайындығын жасады. Мен түнімен көз ілмедім. Тілімнің ұшына Бейбітті жоқтау мұңлық-зарлық өлең ойыма орала берді...

Жаның жәннатта болсын, туысым!

Ол барда төрт құбылам түгел еді

Дана ҚАШАҒАНОВА, туған сіңлісі: – *Әпке – өмірдегі ата-анадан кейінгі ең жақын жанашырың, қамқорың. Әркез қолдап жүретін, қашанда маған деген мейірімі бөлек өзгеше жан еді.*

Төрт құбылам түгел, бақытты едім. Қапыда Бейбіт әпкемнен айырылып қалдым. Әттең, Алланың өз әмірінің болатынын ойламаппын.

Әпкем Бейбіт әке-шешеміздің ізін жалғап, ұстаздық қызмет жасады. 30 жыл балабақшада қазақ тілінен сабақ берді. Қаншама балалардың сүйікті ұстазы болды. Ол үнемі ақылдылығымен, жауаптылығымен көптің көңілінен шығатын. Ешқашан ерінбейтін, бастаған ісін тиянақты аяқтайтын. Біздің бәріміздің балаларымызды сүйрелеп мектептен-мектепке, жоғары оқу орын университетке дейін таситын. Балаларға бір нәрсе керек болса, Бейбітке артып қоюшы едік. Оның мейірімі мен қамқорлығы бар балаға жетті. Өзі балаға жақын, көңілі жұмсақ еді, тілін тез тауып, айтқанына оңай көндіретін. Бейбіт сөйлесші анау сөйтіпті, сен айтшы деп оған итере салушы едік. Бәрін реттеп балалардың да, біздің де көңілімізді жайғап қоюшы еді. Ол өзінің қызы тұрмысқа шығып кеткенде Қуаныштың кіші қызын қолына алып оқытты. Сол қызы да биыл үмітін ақтап алтын белгіге мектепті бітіріп, грантпен оқуға түсті.

Үлкеннің де, кішінің де көңіліне қараған алтыным-ай! Бейбіт көрсетіп кеткен үлгі-өнегеңді сағынышпен, қимастық көңілмен еске аламын. Ойлап отырсам, басымызды өрге сүйреген, Данка, Данка деп еркелеткен өзің едің, әпкетайым! Қадіріңе жете алмадым ба?! Әрқашан сағынып өтем... Жаның жәннатта болсын!

Өмірге деген құштарлығы зор еді

Әділет РАМАЗАНОВА, құрбысы, сыныптасы: – *Бала күннен бірге өскен Бейбіт құрбымнан айырылып қалғалы әлі есімді жия алар емеспін. Екеуміз бір көшеде тұрдық. Аналарымыз бастауыш сынып мұғалімі болды. Жұптары жазылмайтын достарға айналдық. Сабақта да бірге отырып алатынбыз. Мұғалімдер кейде өз орындарыңа отырыңдар десе, кейде үндемейтін. Мектеп бітірген соң бір жыл инкубаторда бірге жұмыс істедік. Кейіннен Қыздар педагогикалық институтына оқуға түстік. Бейбіт тарих, ал мен жаратылыстану факультетінде оқыдық. Сөйтіп балалықта басталған достығымыз үлкен өмірде де жалғасын тапты. Осының бәрін өткен шақта айтып тұрғаныма сене алар емеспін.*

Бір қарағанда ел қатарлы өмір сүріп жүргендей көрінгенмен ол көп жылдар бойы полиатритпен ауырды. Ауруға мойымады. Жұмысын жасап, елмен араласып шақырған жерден қалмайтын. Аурушаң екенін айтып жан баласына шағымданбайтын. Өзін күтіп, көңілді жүруге тырысатын. Оның осы қайсарлығына таң қалатынмын. Өмірге деген құштарлығы керемет еді. Жан жары, екі қызы үшін шамасы келгенше әдемі өмір сүре білді.

Бір күні Бейбіттен ұялы телефонымма хабарлама келді. «Ертең кездесейік» деп жазған екен. Бірақ ертеңінде: «Бүгін кездесе алмаймын. Ауырып тұрмын. Ренжімеші жаным, ертең хабарласам!» деген дыбыстық хабарлама келді. Ертесі бақилыққа аттанып кетті. Сол телефонда қалған дауысын қайта-қайта тыңдап, ағыл тегіл жылаймын. Қимаймын. Шынымды айтсам, Бейбіт құрбым қайтыс болғалы мен үшін көп нәрсенің өмірде мәні болмай қалды.

Қош бол, аяулы жар, ардақты ана, сүйікті әже. Бақұл бол, аққөңіл,адал жан! Құрбым, топырағың торқа, жатқан жерің жайлы, жаның жәннатта болсын!

Өмір – өзен ағады да өтеді

Раушан УАШҚЫЗЫ, құрбысы, сыныптасы: – *Тоқтауы жоқ уақыт-ай, зымырап бір айдың да жүзі болды. Аяулы құрбым Бибкамның (Бейбіт Нұртайқызы) қаралы хабарын естігенде көзімнен аққан жасымды тыя алмай аңырайып қалдым ғой. Бір күн бұрын хабарласқанда кездесіп, бір жерде шай ішеміз деп келісіп едік. Жаратушы иеміздің берген ризық несібесі таусылса өлімді ешбір күш ұстап тұра алмайтынына көзім анық жетті. Аңқылдаған жаным-ау, ғұмырың неге келте болды екен. Армандарың көп еді ғой. Биыл мектеп бітіргеніміздің 45 жылдық кездесуінде ұзағынан әдемі тілектерін арнап бәрімізді бір серпілтіп тастаған болатын. Балаларды жеткіздік, енді немерелер бар оларға да көмектесу керек, бірақ өзімізге де көңіл бөліп шақырған жерден қалмай басымыз жиі қосылып тұрсын. Келесі жылы жігіттеріміз Пайғамбар жасына келеді. Ауылдағы мешітте сауапты іс жасаймыз, бәріміз сол күнге аман-есен жетейік деп еді. Құрбым-ау сол күнге төрт көзіміз түгел жиналғанда ғой...*

Жасы жер ортасынан ауғанда аңырап анаң мен бауырларың қалды. Ауруханаға өзім апарып сүйегін алып келдім деп өзегі өртеніп Қайратың, мамалап Іңкәрің мен Салтанатың отыр, оларға қараудың өзі қандай қасірет десеңші... Аллаға да жақсы адамдар керек дейді. Айналаңа туыс-бауырларыңа ақылыңды айтып, шуағыңды шашып жүретін едің, енді өзіннің нұрың пейіштің төрінде шалқысын, иманың жолдас болсын.

Артында қалған отбасыңа, барлық туыстарына Алла сабыр берсін.

Мәңгілікке кеткенің бе
Сен шынымен дос
Қалдау күзің, көктеміңде
Кең дүнием бос, беу өмір осыма-ау,
Қайран досым-ау Қош енді Қош.

Аяулы жан еді

Диқанбай ТОРҒАЙҰЛЫ сыныптасы: – Оның жарық дүниемен мезгілсіз қоштасуы бұрынғы халық жоқтауларында айтылғандай «Қапыда кеткен дүние-ай» дегізді артында қалған ұрпағына жоқтатып. Анасын аңыратып, бауырларын мұңға бөлеп бел қайыстырған ауыр қаза болды.

Сыныптасымыз біздер үшінде қимас құрдас, ортамызда сыйлы, көңілімізде бір аяулы жан еді...

Сыныптасымыз Бейбіт Нұртайқызы тылсым дүниенің мәңгілік мекеніне кеткеніне әлі де сене алмай келеміз.

Ұстаздық қызмет пен отбасылық тірлігін жасап, ағайынның да үйдің де ұйытқысы бола білген отанасы еді. Енді өткен күндердің естелігімен еске аламыз!

Айтақын МҰХАМАДИ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПОЭЗИЯ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРМЕТТІ ЖУРНАЛИСІ, АҚЫН – КЕНЖЕХАН РАҚЫШ МҰСТАҒАЛИҰЛЫ СЕКСЕННІҢ СЕҢГІРІНЕ ШЫҒЫП ОТЫР. ЖУРНАЛИСТИКА САЛАСЫНДА ҒАНА ЕМЕС, ПОЭЗИЯ ӘЛЕМІНДЕ ДЕ ӨЗІНДІК ҚОЛТАҢБАСЫ БАР ҚАЛАМГЕРДІ МЕРЕЙЛІ ЖАСЫМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ. БҰЛ КҮНДЕ КЕНЖЕХАН АҒАНЫҢ КӨҢІЛГЕ ТҮЙГЕНДЕРІ МЕН ОЙҒА ЖИҒАНДАРЫ, ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ӨЗІ БІР АЛТЫН САНДЫҚ ДЕРСІҢ. СЕКСЕНГЕ КЕЛГЕН АҚЫННЫҢ ПОЭЗИЯ САНДЫҒЫНАН БІР ТОП ӨЛЕҢІН ЖИНАҚТАП БЕРУДІ ЖӨН КӨРДІК.

ЕСІГІНДІ ҚАҒАРМЫН

Кешігу

Сыбырлайды санаға,
Күбірлейді бір өлең.
Шайқалмаса замана,
Өлеңдетіп жүрер ем.
Шарлап көрдім жастықта,
Шекараның аржағын.
Таңдап келдім жастықта,
Шекараның бержағын.
Тізгін-шылбыр қолда емес,
Өтті дәурен бір түрлі.
Бөтен қолда өңделмес,
Талай өлең жыртылды.
Ерте бастап өлеңді,
Кете алмадым көсіліп.
Жолым талай тосылды,
Ақын болдым кешігіп.

Аңсау

Іленің басы, Күнесте,
Толған маңы Құлжада.
Толқынында жүзіппін,
Ат мінгендей су жаңа.
Уайым-қайғы жоқ еді,
Жасөспірім бала едік.
Мектеп алды арыққа,
Жүретінбіз тал егіп.
Жылдар өтіп бойжетіп,
Қызықтырды көп қыздар.
Алдамшы, жалған дүние-ай,
Бәріңде бүгін жоқсыңдар.
Оқу оқып алаңсыз,
Әр күніміз сәтті еді.
Жақсы көріп тұратын,
Күлкілерің тәтті еді.
Бүгінгідей емес-ті,
Көтеріңкі көйлегі.
Қанша жақын болсақ та,
Ұятымыз бойда еді.
Сол күндерді аңсаумен,
Бір көруге зар болдық.
Өтті ғұмыр опасыз,
Мыжырайған шал болдық.

Ақын жары

Ақынға жар болам деп,
Күәгер болдың ғажапқа.
Алыстап кетсем алаң боп,
Келесің төзіп азапқа.
Ақынға жар болам деп,
Үстінде жүрдің өртеңнің.
Көлденең көзге қимадың,
Қызғаныштан өртендің.
Ақынға жар болам деп,
Алаулаттың отбасын.
Нардың жүгін көтердің,
Мұныңды қалай өтермін?!
Ақынға жар болам деп,
Естіп келдің өсекті.
Сеніміңді жоғалтпай,
Бірге салдың төсекті.
Ақынға жар болам деп,
Өзіңді-өзің зорладың.
Отқа да түстің мен үшін,
Намысымды қорғадың.
Ақынға жар болам деп,
Қонақ күттің мезгілсіз.
Шығарып салдың таң ата,
«Аюларды» төзгісіз.
Туған айға мінгесіп,
Ұшып едік түсімде.
Жақсылыққа жорыдық,
Біргеміз сол үшін де.

Мазасыздық

Жетіспейді бір нәрсе,
Мазасызбын, алаңмын.
Желікпейді көңілім,
Сөйлер сөзге сараңмын.
Осындайда орайлас
Таныстар да жоғалдың.
Көп еді ғой достарым,
Енді бүгін неге азбын?!
Қарай берем есікке,
Қайта айналып соғар кім?
Қайтем егер келмесе,
Өзім іздеп табармын.
Бөтен елде жүргем жоқ,
Есігіңді қағармын.
Жатсынатын жөнің жоқ,
Жасым үлкен ағаңмын.
Кемеліме келермін,
Керегіңе жарармын.
Ағайын-жұрт қолдаса,
Тағалы аттай шабармын.
Шақырусыз келмесең
Мен де есікті жабармын.
Айтар ойым көп еді,
Ұшында қалды қаламның.

Қызықты ғұмыр

Тайғанақ тағдыр сүйрелеп,
«Арғы бетте» оқыдым.
Мінез бітті күйгелек,
Жөн емес-ті осыным.
Бәрібір өмір қызықты.
Шекарадан бері өттім,
Айналама таңырқап.
Көп нәрседен дәметтім,
Жалтақтадым жабырқап,
Бәрібір өмір қызықты.
Қой бағып та байқадым,
Қиыншылық торлады.
Қозып жүрді «сайтаным»,
Таяғым құтты болмады.
Сонда да өмір қызықты.
Жылқы бағып тағы да,
Шықтым бүгін күзетке.
Сорым ба, әлде бағым ба,
Тулады сезім жүректе,
Осынау өмір қызықты.
Келе-келе жетіліп,
Жолға шықты журналист.
Бәйге атындай көсіліп,
Шабар жолым болды алыс,
Осындай өмір қызықты.
Тайғанады тағдырым,
Ары-бері жетелеп.
Түйіндесем барлығын,
Жүріп келем төтелеп,
Бәрібір өмір қызықты.
Бір ғасырдай бір күнім,
Өтті дәурен қылықты.
О дүние шіркіннің,
Бола қоймас қызықты...

Жария жалғыздық

Жалғызбын ба?
Жалғызбын, қиялдаймын.
Жалғыз жүрсем ешкімнен
ұялаймын.
Көтеріңкі көңілім
бола қалса,
Келе жатып кең жолға
сия алмаймын.
Жалғызбын ба?
Жалғызбын, қиялдаймын.
Жалғыздықтан өзімді
тия алмаймын.
Көппен бірге болайын
десем-дағы,
Әрбірінің дәмесін
біле алмаймын.
Жалғызбын ба?
Жалғызбын, қиялдаймын,
Жалғыздықтан есімді
жия алмаймын.
Көптің бірі көмекке
келмеген соң,
Өлең жазып өзімше
ұрандаймын.
Жалғызбын ба?
Жалғызбын, қиялдаймын.
Текке жүріп өмірді
сүре алмаймын.
Жағынуға Тәңірім
жаратпаған.
Өп-өтірік біреуді
сүйе алмаймын.
Жалғыздығым – қиялға
жақындығым,
Жетелейді жекелеп
ақындығым.
Көтереді ол менің рухымды,
Ұқтырады өлеңнің
асылдығын.

Өксік

Үзіліп кетсе жүректің
күретамыры,
Ғайыптан келген Тәңірдің
ол да әмірі.
Арпалыс дәуір, тайғанақ
тағдыр ысқырып,
Арманда кетті қаншама
жандар жаны ізгі.
Ойласам соны басымда
менің көп қайғым,
Еңіреп жылап
бауырларымды жоқтаймын.
Келемін әлі өксігімді
баса алмай,
Амалым бар ма, осы арадан
тоқтайын.

Дүние-жалған

Бірдемде көкті шарлардың,
Бірдемде жерді барладың.
Қайран менің көңілім,
Жұбандың, кейде алдандың.
Сексенге келген жасыңда,
Қызығын көрдің жалғанның.
Бас шайқауға сәл қалдың.
Жетегіне арманның,
Тәуекел етіп қамдандың,
Шегара асқан жұртпенен,
Біраз жерге сандалдың.
Қызықты болып көрінген,
Дәмін таттың жалғанның.
Көре-жүре шегініп,
Жерінуге сәл қалдың.
Сексен жылдың ішінде,
Көргендей бәрін түсіңде.
Арпалыс заман өтіпті,
Көлеңкелі пішінде.
Дүние жалған екен-ау,
Опа бермес кісіге.
Тұрғандаймын жақындап,
Қазулы көрге түсуге.

Қайран өлең!

Кетіп ең жолаушылап
қайран өлең,
Таяуда оралар деп
ойламап ем.
Ұзап кеткен алысқа
жастығымды,
Тыпырлап билеп жүрген
тойда көрем.
Жастық шақ білмеуші еді
жасқануды,
Батырдай шабуылда
бес қарулы.
Бұл күнде театрдан,
мәжілістен,
Мойындап алғандаймын
кеш қалуды.

Ер салып міне алмаймын
жараулы атқа,
Күш-қуат бойымдағы
жүр аулақта.
Сонда да күдерімді үзе
алмаймын.
Қажылған қартаюлы
қанағатқа.

Өлеңдет, сілкініп көр
сейілерсің,
Жадырап желпінерсің,
желігерсің.
Шыңыңдай бүркіттінің
болмасаң да,
Бөктердей бетегейлі
көрінерсің.

Ой, Аллай-ай!

Төбедегі көк аспан,
Төңкерілген қазандай.
Жер үстінде тіршілік,
Саудаласқан базардай.
Неге тыным таппайды,
Бұл адамзат ой, Алла-ай!

Төбедегі көк аспан,
Бар болмай не жоғалмай,
Қолжетімді зат емес,
Жолаушылап қонардай.
Ғажабыңа тәнті етіп,
Таңырқаттық, ой, Алла-ай!

Өз бетіңмен еркінсіп,
Көп жасай да алмайсың.
Кәрісің бе, жассың ба,
Ажал жете қалмайсың.
Бір шарасын таба алмай,
Жабырқаттың ой, Алла-ай!

Келеді де өмірге,
Өтеді пенде бейнетпен.
Көңілде күдік, көз жетпес,
Жұмбақ әлем бұл неткен?
Тұрлаулы тұрақ таба алмай,
Өтеміз бе, ой, Алла-ай!

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Әңгіме

Бейжің күзі

Сәуірдің соңы. Бейжің аспанынан жөңкіліп жататын көктемнің көңілшек бұлттарынан мамырдың майда самалы еседі. Кеңседе әлдебір нәрсеге күйбеңдеп жалғыз отыр едім, кенет есік қағылды. Бұл кім болды екен деп ашық тұрған есікке көз тастағаным сол еді, талдырмаш бойлы, аққұба өңді қазақтың қос аруына көзім түсті. Өз көзіме өзім сенбей сілейіп тұрып қалған менің ойымды қос бұрымын бұлғаңдатқан, бота көзді, сұңғақ бойлы қыздың «Сәлеметсіз бе?» деген сыпайы үні бұзды.

– Сәлеметсіздер! – дедім өзге сөзге тілім күрмеліп.

– Ағай, біз Ұлттар баспасын іздеп жүр едік.

– Іздегендерің осы жер. Не бұйымтаймен жүрсіңдер, айта қойыңдар!

Сызыла тіл қатып, сыпайы кейіпке қалай еніп кеткенімді байқамай қалдым. Аққұба, ақ көйлекті арудың жанындағы қос бұрымды қыз өжет мінезді көрінді. Елпек, ақжарқын жан екен. Сұрағым аузымнан шыға бере тақ етіп жауап бере қояды.

– Ағай, біз Орталық ұлттар университетінің студенттеріміз.

– Бәрекелді. Мұндай қонақ күнде келе бермейді. Төрлетіңдер, – дедім елпеңдеп. – Шөлдеген боларсыңдар, күн шыжып кетті ғой, – деп қоямын өзімнің бір ысып, бір суып, әбігерге түскенімді жасырып. Қыздар да сызыла кеп мен нұсқаған орынға жайғасты. Жанарым ақ көйлекті қыздың мойын көзіне түйіскен сайын не істерімді білмей, бөлме ішінен әлдебір жоғалтқанымды іздегендей тыпырлай бердім. Кенет қос бұрымды қыз:

– Ағай, неге әуре болдыңыз! Біз қарапайым студентпіз ғой. Мұнша ізет көрсеткеніңіз қалай болар екен, – деді қулана. Әупірімде не дерімді білмей сасқалақтап қалдым да:

– Дұрыс айтасың, – деппін «сасқан үйрек артымен жүзедінің» керін қып. Екі қыз сықылықтай күлді. Кірерге тесік таппай қара терге малшындым. Қос бұрымды қу қыз бірдеңе сезетіндей әдейі тисіп, қалжыңмен қағытып барады.

– Ағай, сіз де осында жұмыс істейсіз бе? Біз бұл жерде ыңғай үлкен кісілер қызмет ететін болар деп ойлап едік, – деді жымиып. Ақ көйлекті ару құрбысын бүйірінен түріп, «қойсаңшы» дегендей ым қақты. Оған менің жаным кіріп, аздап сабыр сақтай бастадым. Бір жағы қу қыздардың мені жас деп бойына тоғытпай тұрғанына намыстандым білем:

– Иә, мұнда жас та, жасамыс та, ақсақал да, көксақал да бар. Сізге қайсысы керек? – дедім сөз тапқансып. Қыздар күлімсірей төмен қарады. Арада аз-кем үнсіздік орнады. Бөлме ішін үнсіздік жайлаған сайын жүрегімнің дүрсілі өзіме ғана емес, ақ көйлекті аруға да анық естілетіндей ыңғайсыздандым да үнсіздікті өзім бұздым:

– Қыздар, мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл деген. Аты-жөндеріңді айта отырыңдар!

Таныстықты әзілкеш қыз бастады.

– Менің есімім – Жансая, ал құрбымның аты – Аққаз.

Көзім Аққаздың жанарына түйісе беріп еді, ұлпа қардай ұялшақ қыз көзін тайдырып әкетті.

Арадағы қас-қағым сәттік үнсіздікті тағы өзім бұздым.

– Іздегендерің қай кітап еді? – дедім Жансаяға қарап. Ол күлімсірей:

– Ағай, біздікі сол әдеби кітаптар… Жаңа шыққан романдар болса тіптен жақсы еді, – деді үзіле тіл қатып.

– Романның да романтикасы, детективі, шындыққа құрылғаны, тарихи тақырыптарды қаузайтыны мен мөлдір махабатты майдай балқытатыны бар ғой, қыздар!

– Біз ауылдан жаңа келген қыздармыз, ағай! Жақсы кітаптар қиырдағы алыс ауылға жете бермейді, – деді Жансая әдепкі елгезектігін танытып. Әңгіме салмақты тақырыпқа енді ойыса бастады. Мен де бұл шындықты мойындағандай:

– Иә, дұрыс айтасың. Ауылда жөнді кітапхана да жоқ қой. Біз шығарған кітаптар алыстағы қиыр жайлаған малшы-диқаншы қауымның қолына тие бермейді, – дедім. Осы сөзді айтуын айттым-ақ деп Аққазға көз тастап едім, мойыл көзін мұң торлай қалыпты. Биязы жымиып отырған сәтін сәтке болса да сағынып кеттім білем, сөзді әзілге бұрдым.

– Дегенмен өздеріңдей кітапқұмар қыздар барда неден алаңдаймыз. Өздерің оқыған кітаптарыңды ауылға арқалай кетсеңдер, бір кітапхана жасақталып та қалар, – дедім. Қыздар сәл де болса жымиып, мәз боп қалды.

– Ағай, ойыңыздың тезірек орындалғанын қаласаңыз, онда бізге кітаптарыңызды көрсетіңіз, – деді Жансая әдепкі әзілкештігімен. Сонда ғана бар ойымның Аққазға ауып, басты міндетімді ұмытқанымды сездім. Орнымнан сасқалақтай тұрып, қыздарды кітап қоймасына қарай бастадым.

Баспаға кітап іздеп келетін кісі қарасы көп болғанымен, мынадай уыз жүзінен ауылдың исі аңқитын ару қыздар сирек. Аққазға жанарым түйіскен сайын жүрек құрғыр дүрсіл қағады. Неге екенін қайдам, қолыма алғашқы іліккені Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» атты кітабы болды.

– Міне, қыздар! Кітап деген жетеді. Қараңыздаршы, бұл Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдары», – деп, аталған кітапты Аққаздың қолына ұстата қойыппын. Бұл қылығымды сырттай бағып тұрған Жансая:

– Ағай, өзіңіз «Махаббат қызық мол жылдарды» оқып па едіңіз, – деді. Астарлы сұраққа аяқ астынан сөз таппай төменшіктей бердім. Екі бетімнің оты шығып, алаулап барады. Өз қылығымнан өзім ұялып, жүрегімнің дүрсілі тағы да үдей түсті.

– Иә, оқыдық қой, – дедім сөз таба алмай. – Шынайы махаббатты, шын сүюді үйрететін үлкен шығарма ғой.

Шынын айтсам, осы уақытқа дейін шын сүюдің не екенін сезінбеген секілдімін. Онда «Махаббат қызық мол жылдарды» оқығанымнан не пайда? Көзімді Аққазға қададым. Ол аса ыждағатты түрде «Махаббат қызық мол жылдарға» үңіліп кеткен екен. Үнсіздікті Жансая бұзды: – Аққаз, «Махаббат қызық мол жылдарды» кітапхананың қоймасында бастамайтын боларсың. Керек кітаптарымызды көріп алайық, әуелі, – деді сықылықтай күліп. Аққаздың аққұба жүзіне алқызыл алау от ойнап шыға келді. Ұяла жымиғанда қос бетінің шұқыры көрініп, сұлулана түседі екен. Күлкісін тез жия қойған Аққаз бұртия қалды да:

– Жансая-ау, ағайды әбден ұялтып біттің ғой, – деді нәзік сазды үнмен. Құлағымнан кірген назды үн жүрегімді дүбірге бөлеп барады. Әрі қарай қай кітапты көрсетіп, қай кітапты таныстырғанымды өзім де анық білмеймін. Бір сәт Аққаздың:

– Ағай, мен «Махаббат қызық мол жылдарды» сатып алайын, – деген үні есімді жидырды. Жансая да өзіне қажетті бірнеше кітапты сатып алды.

– Ағай, университетке жолыңыз түссе, хабарласыңыз, – деген Жансаяның көтеріңкі үні ғана олардың кетіп бара жатқанын есіме салды. Жалт қарағаным сол еді, Аққаздың ақсұңқар құстай қайрылып қарағаны естен біржолата тандырып тынды. Сол күннен бастап жүрген жүріс, күлген күлкінің бәрі Аққаз бейнесімен астасып кеткендей болды. Аққазды іздеп Орталық ұлттар университетіне барайын десем, телефон нөмірлерін де алмаппын. «Жүсіп-Зылиқа» дастанында Жүсіптің нұрлы жүзін көрген жан есінен танатыны бар емес пе? Мен Аққаздың ай дидарына мас болған секілдімін. Өзегіме ғашықтықтың бал шарабы құйылып, мең-зең күй кешкендеймін.

Бейжіңде мамырдың соңынан тамызға дейін созылатын дымқыл қапырық басталған шақ. Мұндайда Бейжің халқы өзге өлкелерге, тіп-ті, шетел асып демалуға ағылады. Студенттер жаздық оқу маусымын аяқтап ауылға қайтуға асығады. Ал «Ұлттар баспасы» қауырт тірліктің қамына кіріседі. Яғни, жыл сайынғы дәстүрлі іс-шара – университеттерге, халық көп жүретін алаңдар мен саябақтарға кітап жәрмеңкелерін ұйымдастырады. «Май тілесең, міне құйрық» дегендей, басшылық маған Орталық ұлттар университетіне кітап жәрмеңкесін ұйымдастыруды тапсырды. Қуана келісіп, таң бозынан кітаптарымды арқалап Орталық Ұлттар Университетіне жеттім. Келе сала университеттің студенттер жиі жүретін алаңқайына жәрмеңкемді жаюға кірісіп кеттім. Күйбеңдеп, кітаптарды реттеп жатқанымда ту сыртымнан «Сәлеметсіз бе, ағай?» деген таныс дауыс елең еткізді. Жалт бұрылып қарасам, сол баяғы екі қыз күлімсіреп тұр. Қапырық пен қауырт тірлік қосылып, мазам қашып тұр еді, көңілденіп сала бердім.

– Сәлеметсіңдер ме, – дедім қуана жымиып.

– Ағай, көмек керек пе? – деді Жансая елпектік танытып. Мен көп ойланбастан:

– Өздеріңдей көмекшілерім болса, менен бақытты кім бар дейсің, – дедім әзілдеп. Не де болса көмекшіге жаритын болдым деп ойладым іштей. Бір жағы сағынып, сарғайып жүрген Аққазбен жақын танысып, тілдесудің мүмкіндігі туады дегендей. Қыздар ә дегеніне кітаптарды реттеп, студенттермен саудаласып, кітаптарымның бір бүйірін орталап үлгерді. Екі көзім Аққазда болса да, кітаптарымның тез өтіп жатқанына қуанып мен тұрмын. Түс ауа жәрмеңкеге әкелген кітаптарымның түбі көріне бастады. Жансая қуланып:

– Ағай, кітаптарыңыз бітуге таяды. Біз бір күн бойы күнге қақталғанда, өтеуі қалай болады? – деді. Мен:

– Қалағандарыңды алыңдар! Сендерге тегін, – дедім мардымсып. Қыздар қуанып, өздеріне қажетті кітаптарды бөлектеу қойып жатты. Аққаздың көбіне махаббат туралы кітаптарды ұстап, ішкі мазмұнына көбірек үңілетіні жанымды жылытып барады. Бір сәт Жансая Аққазға әзілдеп:

– Аққаз-ау, сен әлі де махаббат туралы кітаптарды іздеп жүрсің бе? – деді. Аққаздың алма жүзіне тағы да алқызыл от алаулап шыға келді. – Айтпақшы, ағай, сізден алған «Махаббат қызық мол жылдарды» оқығалы бері Аққаз құрбым өзгеріп жүр. Екі сөзінің бірі махаббат, Меңтай мен Ербол, сізді де аузынан тастамайды, – деді үстемелеп.

– Қойшы, Жансая! Айтпа деп ем ғой, – деп Аққаз нарттай қызарып кетті. Жансаяның сөзі майдай жағып барады. Әсіресе, «аузынан тастамайды» дегені құлақ түбімде жаңғырып тұрып алды. Аққазды көргелі бері менің де жүрегімде жанартау атылып, жан әлемім балқып-еріп жатқанын сезер ме екен десеңші!

Осы бір кітап жәрмеңкесі Аққазды маған жақындата түскендей болды. Көне шаһардың тарихқа тұнған көшелері бізді бітпес сапарға жетелейтіндей. Қарт емендердің селдір тұстарынан ай сәулесі сығалайды. Қарт еменнің жапырағы сыбдыр қағып, бізге бақыт тілейтіндей. Кейде Терістіктің тынбай соғатын сары желі құшағымызға сыймандай еніп, махаббатымызды суытқысы келетіндей. Бірақ біз одан бетер бір-бірімізді құшырлана құшақтап, қыса түсеміз. Әсіресе, Аққаз өте сезімтал жан. Жапырақтың сыбдырына құлақ түреді, лүп еткен самал желге маңдайын тосады. Алқара көктен айдың сүттей сәулесі жүзімізді өпсе, соған жүрегі елжірейді. Айдын көлдің самалмен тербелген толқынына мейірлене қарайды. Мезгілсіз үзілген жапырақтың өзіне көңілі жабырқап, мойыл көзіне мұң ұялай қалады. Кейде: «тіршілік шіркін, тоқтаусыз болсайшы!» – дейді күрсініп.

– Меңтай мен Ербол қосылыпты ғой, – деді бірде иығыма басын сүйеп.

– Иә, қосылған…

– Шын сүйгендер қосылмайды деуші еді…

– Ол жай айтыла салған сөз ғой, Аққазжан!

– «Ештеңе де себепсіз айтылмайды» дейтін әжем…

Мен үнсіз қалдым. Екеуміз ұзақ үнсіз отырдық. Сол күні біз ештеңе айтпаған секілдіміз. Сол күннің ертесінде Аққаз ауылына аттанды.

Бейжіңдегі бұл жаз тым ұзаққа созылғандай болды. Сағат санап, телефонмен хабарласып тұрсақ та сағынышымыз маздап, жолығуға, жүздесуге асығатынбыз. Бірде «Мен жайлауға келдім. Мұнда телефон дұрыс қабылдамайды. Бірер күннен соң хабарласамын» деп келтехат жолдапты. Уақыт шіркіннің мұндайда сағыздай созылатыны бар ғой. Бірер күннен соң тағатым таусылып, қоңырау шалсам, «хабарласу аясынан тыс жерде» деп телефон операторы сұңқылдайды ар жағынан. Телефон операторының осы бір жайбарақат үні тынышымды қашырды. Тағатым таусылып Жансая құрбысына хабарластым. Ол да біраз күннен бері Аққаздан хабарсыз қалғанын жасырмады.

Бейжің салқын тарта бастады. Жаз желегі сарғайып, жапырақтар күзгі желге шыдас бермей үзіліп түсіп жатты. Көше бойы күйбеңдеген адамдарға тола берді. Әсіресе, студенттердің қарасы мол. Жансая да хабарласып, өзінің университетке келіп орналасып алғанын айтқан. Ал Аққаз…

Бейжің көшелері қашан да ығы-жығы адамдарға толы. Осыншама қара нөпір халықтың ішінде мен жалғыз сияқтымын. Бейжіңде мен ғана қалғандай күй кешіп жүрдім. Жұмыс деген аты болмаса, көбіне Аққаз екеуміз қол ұстасып қыдыратын саябақтарды аралаймын. Оның ізін, бейнесін, күлкісін, мұңайған сәтін осы саябақтардан кездестіріп қалатын секілдімін.

Ақыры мен күткен хабар да жетті. Жансая телефон соғып: – Ағай, тезірек Ұлттар университетіне келіңізші! – деді де тұтқаны қоя салды. Құстай ұштым. Жол да ұзарып кеткендей, сағат та тоқтап қалғандай…

Жеттім-ау. Университет қақпасының алды. Күздің суық желі сумаңдайды. Қанша өңменнен өтер суық болса да Аққаздың қақпа есігінен жайраң етіп шыға келгені – жан жадыратар жаз ғой, шіркін!

Көп күттірмей Жансая қақпадан шықты. Жансая ғана емес, артынан Аққаз шығар деп елеңдеймін. Ол жақын келді де:

– Мен келдім, ағай, – деді.

– Аққаз қайда? – дедім амансаулық жоқ.

– Ол жоқ…

– Жоғы несі… Әзілді де әзілдейтін уақытта айтсаңшы, Жансая, – дедім қатуланып.

– Ағай, ол жоқ… келмеді. Енді келмейді де. Ол…

Жансая жылап жіберді де, мені құшақтай алды. Состиып тұрып қалдым.

– Сонда оған бірдеңе болды ма? – дедім жүрегім бір жамандықты сезгендей. Жансая қолындағы ақ шүпірекке оралған кітапты ұстатты. Ашып қарадым. Сол баяғы «Махаббат қызық мол жылдар». Бетінде қызыл қаннен баттитып, қисық-қыңыр жазылған «ӨМІР» деген сөз тұр.

Азық-түлік мәселесі жайлы айтсам, осында тұратындардың арасынан 13 адамнан құралған мәдени тұрмыстық комиссиясы бар. Міне осы адамдар азық-түлікті алатын кезде бізбен бірге көріп, тексеріп, қарайды. Егер қандай да бір кінәрат болып, бүлінгені болса бірден қайтарып жібереді. Еттен бастап, көкөніс, жеміс-жидекке дейін тексеріп алады. Конкурсқа қатысып, ұтып алғандардың әкелетін азық-түлігінің сапасына мән береміз. Талай мәрте қайтарып жіберген кездеріміз болды...», – деген орталық басшысы қазіргі таңда ғимараттың әр жеріне арнайы бақылау камералары орнатылғанын да тілге тиек етті. Биыл тағы 100 бейнекамера қойылса, бұдан бөлек 10 камераға ақша қалып отырған көрінеді. Бұл қаражатты тиімді жұмсауда камера қойылмаған жерлерге орнату жоспарланған.



Сонымен қатар өткен жылы ғимараттың айналасын көгалдандыру, абаттандыру жұмыстары жүргізіліпті. Жарық шамдарын орнатудан бөлек, екі үлкен стадион жасалып, айналаның бәрі асфальталыныпты. Аяқ асты төтенше жағдай орын ала қалса деген сақтықпен ғимараттың әр қабатына дауыстық ескертулер (голосовые оповещения) қойылған. Мұнан бөлек облыстық төтенше жағдай қызметі өз қаражаттарына сирена орнатып берген.

Алма Мұханғалиқызы жақында ғана Текелі қаласына сайланған жаңа әкім Алмас Әділдің орталыққа арнайы келіп, барлық жағдаймен танысып кеткенін де айтты. Мұндағы атқарылып жатқан істің мән-жайына қаныққ болған әкім мырза: «*Сіздің әңгімелеріңізден түйгенім, өзіңіз секілді басшы отырғанда орталықтағы әрбір қарттың да жай-күйінің жаман болмайтындығына сенімдімін*» – деп шынайы разылығын білдіріп, қандай мәселе туындап жатса көмек қолын беретінін айтқан.

Әңгіме арасында Алма апайдан қарттар үйі, балалар үйін жабу мәселесіне қатысты ойын білген едік.

«*Бұл мәселеге қатысты айтсам, бес саусақ бірдей емес. Қандай саусағыңызды кессеңіз де ол жаныңызға батары анық. Әлбетте, жаба салу, аша салу деген оңай дүние емес қой. Сол секілді әр адамның өмірін де ойыншық көрмеуіміз керекті. Меніңше, ата-анасын қараусыз қалдырған балалардан шет елдегідей алимент төлетуді талап етуіміз керек. Әрбір бала өзін дүниеге әкелген ата-анасы алдында борыштар екенін ұмытпауы тиіс. Мәселен, біздің орталықта 317 адам бар десек, оның әрбірінің өмір жолы әрқилы өрілген. Елімізде осындай орталықтарда өмір сүріп жатқан жандардың қарасы қаншама. Олардың әрбірінің тағдыры жаныңызды жегідей жейді. Амал нешік... Осындайда өмірден түңіліп, жалғыз қалған, қамқоршысы жоқ қарияларды мемлекет қараусыз қалдырмағанына қуанасың Біз қарияны құрмет тұтып, төрімізге шығарып, төбемізге көтерген халық едік. Ал, қазір... Бейнетінің зейнетін көріп, төрде отырып ақыл айтар шақта ата-анамызды осындай орталықтарға апарып тастайтындардың қарасы көбейіп тұр.*

Орталық басшысы ретінде мұндағы адамдардың тағдыры мені бей-жай қалдырған емес. Олардың айтқан әңгімелерін жүрегімнен өткізе отырып әрқайсының көңіл-күйін бағуға тырысамын. Осы жандардың аман жүруіне жауапты екенімді біліп, туыстары барларына хабарласып, сөйлесіп, үйлеріне алып кетулеріне де барынша күш салып келемін», – деп ағынан жарылған Алма ханым балалары шет елде тұратындар бейне-байланысқа шығып, сөйлесетінін де айтты. – *Қарттарымыз күннен күнге қартайып барады. Адам қартайған сайын бала сияқты болады ғой. Сондықтан көңілдерін табуға тырысамыз.*

«Шапағат» орталығының басшысынан бастап кіші қызметкерге дейін қамкөңіл қарияларды қас-қабағына қарап, көңілін аулап, оларға жан-жақты қолдау көрсетуді басты міндеті етіп санаса, қариялар да орталықтағы әр қызметкердің істеген ісіне дән риза.

Басшымен тілдесуде орталықтағы 317 адамның 10-ы осы жерде бас қосып, тұрып жатқанын білдік. Сондай-ақ, мұнда мекеме ашылғалы бері тұрып келетін апамыз да бар.

«Әлеуметтік қызметкерлердің жұмысына дән ризамын»

ҚАНША апа: «*Есімім – Қанша болғанымен осы жердегілер Қаймақ апа деп атап кеткен. Мекеме ашылғалы бері осындамын. Өзім – Сарқан ауданының тумасымын. Биыл жетпіс беске толамын. Өздігімнен жүре алмағандықтан осында келдім. Қазірге дейін аман жүргенім орталықтағы қызметкерлердің жақсы қарағандығының арқасы ғой. Мұндағылардың барлығы өте кішіпейіл, кең жүректі жандар, бізге не қажет екенін қас-қабағына қарап біледі. Қыздардың қызметіне өте ризамын.*

Жас кезімде тігінші болғанмын. Мұнда келу себебім аттан жығылып, омыртқама зақым келді. Алғашқыда өздігімнен жүріп тұратынмын. Кейін жағдайым күрт төмендеп кетті. Менің алдымда ағам, әпкем және өзімнен кейін бауырым болған. Олар өмірден озған соң ешкімге масыл болмайын дедім. Бауырларымның, әпкемнің балалары бар. Жиі болмаса да арасында келіп-кетіп, хабарласып тұрады. Қойдың етін жегім келгенде айтамын, әкеп береді. Қолыма алатын зейнетақым қажетіме жетеді. Осындағыларға «миллионермін ғой» деп айтамын (күлді). Орталықтағы бізге қарайлап жүрген Алмадан бастап барлық қызыма айтар алғысым шексіз. Еңбектері жемісті болып, бала-шағаларының қызығын көрсін».

«Әнді сүйсең, менше сүй»

Людмила ЛУТОШКИНА, Еңбек ардагері: «*Осы жерге келгелі он үш жылдай уақыт болды. Жасым сексен екіде. Мұнда біз үшін барлық жағдай жасалған. Бұл жерді ең әдемі үй деп айтамын.*

Медицина саласының маманымын. Қырық екі жылдық жұмыс өтілімнің жиырма жылын темір жол саласында, одан кейінгі жылдарда ауыл медицинасында, Үштөбе қаласындағы орталық ауруханада еңбек еттім.

Қызым бар. Ол қазір Санкт-Петербург қаласында тұрады. Немерелерім, екі шөберем бар. Хабарласып тұрамыз. Пандемия болмай тұрғанда екі жылда бір барып келетін едім. Олар мұнда келгенше менің барып келуім оңайырақ. Алматыдан ұшақпен төрт сағатта жетемін. Жалпы жағдайым өте жақсы. Орталықтың директорынан бастап қызметкерлеріне дейін бізге жақсы қарайды. Жатын орын, тамақ жағы, медицинасы, шаштаразына дейін керемет. Өзім де уақытты босқа өткізбеймін. Қазақтың ұлы ақыны Абай: «Әнді сүйсең, менше сүй» деген ғой. Сол айтқандай, ән шырқағанды ұнатамын. Өткенде ға-на байқауға қатысып, бірінші орын-ды жеңіп алдым. Зейнетақымызды алу үшін банкомат та осы жерде. Моншамызға түсеміз. Біздің осындай жасқа жетіп, аман-есен жүргеніміздің өзі, еш алаңсыз өмір сүріп жатқанымыздың арқасы ғой».

Алғысымыз шексіз

Елена КОТЛЕРОВА: «*Үштөбе қаласынан келдім. 84 жастамын. Қырық жыл Қаратал ауданында еңбек еттім. Мұғалім болдым, аудандық атқару комитетінде істедім, аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің меңгерушісі қызметін атқардым. Жалғыз ұлым бар, Ресейде тұрады.*

Осы орталыққа келер алдында барсам ба, бармасам ба деп ойландым. Бірақ мұнда өте жақсы екенін естіп білдім. Сөйтіп, көршім әрі құрбым екеуміз бірге келдік. Бізді райымыздан қайтармақ болғандар да болды. Дегенмен ешкімнің сөзіне мән бермей келдік. Келгеніме еш өкінбеймін. Жағдайым жаман емес. Бұл жерге алғаш келгенде ертегідей, құдды бір жұмаққа тап болғандай сезінгенім рас. Мұндағылар жақсы қарсы алды. Жүрек ауруымен учетта тұрамын. Жақында кардиологтың қабылдауында болғанда жүрегімнің жақсарғанын айтты. Таза ауа, климат қана емес, жақсы жандардың қамқорлығының арқасында ғой осындай оңды өзгерістің болғаны. Өте ризамын. Барлық қызметкерге айтар алғысым шексіз».

* * *

Нина КИМ: «*Жақында сексенге толамын. Қаратал ауданының тұрғынымын. Осында құрбым екеуміз бірге келдік. Соңғы он үш жылдық жұмыс өтілімде аудандық әкімдікте жалпы бөлімді басқардым. 1998 жылы зейнеткерлікке шықтым. Үш балам бар. Үлкені Бішкекте тұрады. Мені алып кетпек болған. Бірақ жалғыз тұрып үйреніп қалғандықтан, бармадым. Одан кейінгі ұлым Кореяда, қызым Германияда тұрады. Балаларыммен жиі хабарласамын. Қызым екі жылда бір келіп кетеді. Мұнда келгеніме өкінбеймін. Ешқайда шықпай-ақ қажетіміздің бәрін осы орталықтан алып отырмыз. Өз атымнан Алма Мұханғалиқызына, осындағы барша ұжымға алғысымды білдіремін*».

* * *

Есімғали ТҰРАРБЕКОВ: «*Ақсу ауданының Сағабүйен ауылының тумасымын. Бауырларым, әпкем де қайтыс болып кеткен. Қызым бар. Екі ұлым болған. Олар да өмірден өтіп кетті. Мұнда келгелі алты жылдай уақыт болды. Промзонада жұмыс істеп жүргенімде денсаулығым сыр беріп, қарайтын ешкім болмаған соң осында келдім. Орталықтағы керемет күтімнің арқасында денсаулығым да жақсарды. Бұл жер өзіме ұнайды*».

* * *

Антонина ИВАНОВНА: «*Осында тұрып жатқаныма он жеті жыл болды. Жасым жетпіс алтыда. Мұнда келген соң Виктор Алексеевич атты азаматпен бас қосып, бірге тұрып жатырмыз. Өзім Семейдің тумасымын. Кейін Ескелді ауданы Қарабұлақ кентіне қоныс тептік. Қызым бар, Украинада тұрады. Басқа не айтайын. Орталықта біз секілді жандарға барлық жағдай жасалған. Алғыстан басқа айтарым жоқ*».

* * *

Дана ЖОЛДЫБАЕВА: «*Өткен жылдың желтоқсан айында келгенмін. Негізі Талдықорғанда тұрдым. Жасым жиырма жетіде. Анам қайтыс болған соң осы орталыққа келдім. Себебі, туабітті мүгедекпін. Сіңілім бар. бірақ оған ауыртпалығымды салғым келмеді. Бұл жаққа келгелі жаман емеспін. Адамдармен араласып, тіпті Болат есімді азаматпен бас қосып, отбасылы болсам деймін. Әзірге ойланып жүрмін. Өмір деген, уақыт деген зуылдап өтіп жатыр. Жалғыздан жалғыз қарайып отырғанша отбасын құрсам деген ой ғой менікі*».

«Аталарға арналған «бақша»

Нұрқасым ӘБІТАЕВ, зейнеткер: «*2006 жылдан бері Текелі қаласында тұрамын. «Шапағат» орталығынан қала қарттары үшін арнайы бағдарлама негізінде ашқан күндізгі бөлімге келемін. Қала әкімінің орынбасары айтқандай, «аталарға арналған бақша» ғой (күлді). Қариялар үшін осындай бөлімді ашқанына қуаныштымыз. Ертеңгісін сағат сегізде келіп, кешкі бестерде үйге қайтамыз. Мұнда барлық жағдай жасалған. Тамағымызды береді, денсаулығымызды жіті қадағалайды. Сағат тоғызда тренажер залына барамыз. Одан шыққан соң біріміз теледидар көруге, енді біріміз бильярд, шахмат ойнаймыз, кітапханаға барып кітап оқитын кездеріміз де болады. Үйде қамалып отырған біз үшін өте жақсы болды. Осында келіп серпіліп қалдық. «Шапағат» орталығының ұжымына деген алғысым шексіз. Осындай бағдарлама енгізген басшылыққа да дән ризамыз.*

«Қарты бар ел – қазыналы ел» демекші, қарияларын осылай құрметтегендері үшін рақмет. Барлық қатарластарымды Халықаралық қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймын. Осы мереке алдында сіздердің де келіп жатқандарыңыз қуантты. Ел іргесі тыныш болғай!».

ТҮЙІН ОРНЫНА:

Қазақ «қазынам» деп әспеттеген қариялар қара басы қауқайып бөтен босағаны паналап жүр. Олардың кейбірінен балалары мен туыстары теріс айналған. Енді біреулері тағдырдың төлкегімен жақындарынан айырылып, қараусыз, жалғыз қалған жандар... Қариялар қатары күннен күнге сиреп барады. Сондықтан қарттарымызды барында қадірлей білейік. Мерекелеріңіз құтты болсын, құрметті қариялар!

Сарби ҚАСЫМБЕККЫЗЫ
ТАЛДЫҚОРҒАН –ТЕКЕЛІ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

В НОЯБРЕ ПОДПИШУТ МЕМОРАНДУМ О СОТРУДНИЧЕСТВЕ

АЛМАТИНСКАЯ ПАЛАТА ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ И ТУРЕЦКАЯ АССОЦИАЦИЯ MUSAID ПОДПИШУТ МЕМОРАНДУМ О СОТРУДНИЧЕСТВЕ, ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА РПП Г.АЛМАТЫ.

Инициативу предложили представители Ассоциации независимых промышленников и предпринимателей Турции MUSAID во время встречи на площадке Палаты предпринимателей города Алматы. Документ будет подписан на крупнейшей в Турции выставке MUSAID EXPO 2022, которая состоится в ноябре.

На встрече директор Палаты предпринимателей города Алматы Айтуар Кошмамбетов отметил динамично развивающее дипломатическое сотрудничество двух стран.

«Алматы – крупнейший город Казахстана, центр торговли. 25% всех налоговых поступлений в бюджет страны приходится на город Алматы. В городе проживает 2,5 млн человек, включая агломерацию. В южной столице работают 60 единиц международных, транснациональных компаний. В год Алматы посещают 500 тысяч туристов», – сказал Кошмамбетов, отметив экономический потенциал города Алматы.

Спикер также остановился на работе Национальной палаты предпринимателей «Атамекен».

«В каждом регионе страны функционируют филиалы Национальной палаты предпринимателей «Атамекен». Членами Национальной палаты являются 1,5 млн предпринимателей (юридические лица, индивидуальные предприниматели, крестьянские хозяйства и др.). Главная задача нашей организации – защита прав и интересов предпринимателей. Мы выдаем экспертные заключения на законы и проекты законов, касающихся деятельности бизнеса. Выдаем сертификаты на экспорт, свидетельства о форс-мажоре, оказываем бесплатные консультаций. Палата является связующим звеном в построении диалога между властью и бизнесом», – отметил Айтуар Кошмамбетов.

Представители MUSAID планируют провести Казахстанско-Турецкий бизнес-форум и программу двусторонних деловых встреч B2B в городе Алматы.

«Мы организуем Казахстанско-турецкий бизнес-форум с делегацией из 40 человек. В этом контексте мы стремимся собрать вместе турецких и казахстанских бизнесменов, познакомить их друг с другом, чтобы увеличить объем торговли между двумя странами, а также познакомить турецких бизнесменов с потребностями рынка Казахстана», – подчеркнул председатель «MUSAID Казахстан» ОО Йылмаз Кесен.

MUSIAD – организация, представляющая 60.000 предприятий, в которую входят более 12.500 членов в стране и за рубежом, в которой работает около 1.800.000 человек. Сегодня организация предоставляет услуги в 164 точках в 81 стране за рубежом, с 83 контактными точками в Турции.

Также турецкая сторона пригласила Палату предпринимателей города Алматы MUSAID EXPO 2022 для подписания меморандума о сотрудничестве. Выставка проводится MUSAID раз в два года, и в этом году, как ожидается, примет свыше 100 тыс. посетителей и делегатов из 124 стран.

Ш. ХАМИТОВ.

АКТУАЛЬНАЯ ПРОБЛЕМА

РЕШИТЬ ВОПРОС СТИХИЙНОЙ ТОРГОВЛИ ТРЕБУЮТ АЛМАТИНСКИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛИ. ПРЕДСТАВИТЕЛИ И АРЕНДАТОРЫ РЫНКОВ АЛМАТЫ ПРОСЯТ МЕСТНЫЕ ВЛАСТИ ПОМОЧЬ В РЕШЕНИИ ВОПРОСА УЛИЧНОЙ ТОРГОВЛИ. ОФИЦИАЛЬНЫЕ ПРОДАВЦЫ ЗАЯВЛЯЮТ, ЧТО НЕДОБРОСОВЕСТНАЯ КОНКУРЕНЦИЯ МЕШАЕТ РАЗВИТИЮ МАЛОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА И В ЦЕЛОМ, ГОРОДСКОЙ ЭКОНОМИКЕ, ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА РПП Г.АЛМАТЫ.

НАДО РЕШИТЬ ВОПРОС СТИЙХИНОЙ ТОРГОВЛИ

Алматинский филиал «Атамекена», совместно с акиматом Алмалинского района, в рамках проекта «Экосистема защиты бизнеса», организовал в сентябре пять встреч с представителями и арендаторами нескольких рынков: «Тулпар», «Тастак», «Жулдыз», «Барыс-4» и рынка «Карим».

«Предприниматели просят решить вопрос стихийной торговли по улице Розыбакиева ниже улицы Дуйсенова и вдоль улицы Толе би. Аппарата акима Алмалинского района уже разъяснил, что до конца года будут утверждены правила торговли на территории города Алматы. После, сотрудники полиции смогут применить административные меры к объектам стихийной торговли», – отметил директор алмалинского филиала Палаты предпринимателей г.Алматы Темирлан Мадиев.

Чтобы уменьшить количество «палаточных базаров» в Алматы, предприниматели ищут различные способы модернизации рынков. Во время встречи с акимом Алматы, Ерболатом Досаевым, вопрос модернизации универсальных торговых рынков подняла руководитель компании «Тигрохауд», Жанар Курабаева. Она рассказала, что, в соответствии с требованиями Закона РК от 02.01.2021 года №399-VI действие пунктов 2-3 Закона «О регулировании торговой деятельности» модернизация универсальных торговых рынков было продлено на три года, до 1 января 2023 года.

«Для сохранения специфики своей деятельности, торговых мест для микро и малого бизнеса, мы обращались в Министерство национальной экономики и просили включить строительство торговых домов свыше 2000 кв.м. в рамках программы модернизации рынков в список поддерживаемых субсидируемых приоритетных отраслей экономики. Наши доводы услышали, пункт был включен в программы ДАМУ, однако в июне 2021 года данный пункт был исключен из вышеуказанного списка, в связи с чем, нам доступны только очень дорогие кредиты от 18% и выше», – рассказала Жанар Курабаева.

Предприниматели считают, что проведение модернизации «дорогими» неподъемными кредитными деньгами, без поддержки государства, ставит МСБ в затруднительное положение. Представители рынков предложили включить модернизацию рынков в список поддерживаемых отраслей программы «Даму.

Участники встречи обсудили меры поддержки предпринимательства, в частности, льготное кредитование, безвозмездные гранты по государственным программам. Также сотрудники алматинской палаты предпринимателей провели разъяснительную работу по предстоящим президентским выборам, где важно проявить гражданскую активность.

Следующая встреча состоится на рынке «Береке». Данные мероприятия будут проводиться ежемесячно на всех рынках Алмалинского района.

Ш. ХАМИТОВ.

МВД

ОБРАТИЛИСЬ К АВТОВЛАДЕЛЬЦАМ ИЗ НОВЫХ ОБЛАСТЕЙ

Автовладельцы из новых областей Казахстана начали получать номера с собственными кодами регионов, передает Tengrinews.kz со ссылкой на Polisia.kz.

В МВД сообщили, что начали регистрацию транспортных средств в Абайской, Жетысуской и Улытауской областях с присвоением собственного кода региона на государственных номерных знаках.

«При регистрации авто жителям этих областей начали выдавать номера с новыми кодами регионов. Государственные регистрационные номерные знаки в области Абай имеют цифровое обозначение кода региона — 18, в области Жетысу — 19 и в области Улытау — 20», — говорится в сообщении.

В министерстве подчеркивают, что жители новых областей смогут зарегистрировать свои автомобили в любом спецЦОНе страны. При этом не требуется замена старых государственных номерных знаков с прежними цифровыми обозначениями регионов на новые.

«С сентября для удобства граждан все заявки в ЦОНах на изготовление номеров повышенного спроса будут привязываться к их ИИНам (или БИНам — для юридических лиц) и оплаченным квитанциям. Это позволит исключить риски, когда на один и тот же номер подается несколько заявок в разных регионах, и у граждан возникают вопросы в приоритетности их выдачи какому-либо лицу. Кроме того, это снизит коррупционные риски, так как в ЦОНах больше не будут заказывать престижные номера “впрок”, а только по индивидуальным заказам граждан, — отметили в ведомстве.

8 июня 2022 года вступил в силу указ Президента Казахстана от 4 мая об образовании новых регионов страны.

КОРРУПЦИЯ

НАДО БОРОТЬСЯ СООБЩА

В современном мире работа по усилению борьбы с коррупцией ведется непрерывно и постоянно совершенствуется. Надо отметить, что в мире нет уникального набора механизмов борьбы с коррупцией, который оптимален для всех стран. Специфика наборов методов по борьбе с коррупцией, принимаемых каждой страной, уникальна и зависит не только от политической и экономической стабильности, но и от обычаев и традиций, религиозных особенностей и уровня правовой культуры, а также от площади занимаемой территории, плотности, численности населения.

В нашей республике для борьбы с коррупцией сформирована законодательная база, а именно: Закон «О противодействии коррупции», указ президента «О мерах по усилению борьбы с коррупцией, укреплению дисциплины и порядка в деятельности госорганов и должностных лиц», а также ряд программ, нацеленных на сокращение размеров теневой экономики, борьбу с правонарушениями в сфере экономики и т.д. Закон Республики Казахстан «О противодействии коррупции» направлен на защиту прав и свобод граждан, обеспечение национальной безопасности Республики Казахстан от угроз, вытекающих из проявлений коррупции, обеспечение эффективной деятельности государственных органов, должностных и других лиц, выполняющих государственные функции, а также лиц, приравненных к ним, путем предупреждения, выявления, пресечения и раскрытия правонарушений, связанных с коррупцией, устранения их последствий и привлечения виновных к ответственности, определяет основные принципы борьбы с коррупцией, устанавливает виды правонарушений, связанных с коррупцией, а также условия наступления ответственности.

В условиях модернизации экономики и масштабных социальных преобразований в Казахстане была все более очевидна потребность в целостной антикоррупционной стратегии, тесно увязанной с современной социально-экономической политикой государства. В связи у нас, действует Антикоррупционная стратегия Республики Казахстан на 2015-2025 годы. Целью Стратегии является повышение эффективности антикоррупционной политики государства, вовлечение в антикоррупционное движение всего общества путем создания атмосферы "нулевой" терпимости к любым проявлениям коррупции и снижение в Казахстане уровня коррупции.

В этом направлении Глава государства К.К.Токаев в одном из своих выступлении подчеркнул, что следующей мерой, должно стать укрепление конструктивного партнерства государства с институтами гражданского общества. В связи с этим Президент дал конкретные поручения, направленные на формирование в обществе нулевой терпимости к любым коррупционным деяниям.

- Министерству юстиции поручаю усилить работу по правовому всеобучу, в особенности по антикоррупционным нормам законодательства. Министерство образования и науки должно с раннего возраста прививать гражданам основы антикоррупционной культуры, - заявил Глава государства.

Таким образом, стимулирование антикоррупционного поведения граждан предусматривается одной из мер противодействия коррупции, включающее механизмы поощрения со стороны государства за оказание содействия в пресечении и раскрытии коррупционных правонарушений, что позволит гражданам активно включиться в процесс борьбы с коррупцией. То есть, этим социальным злом надо бороться сообща с общественностью, чтобы добиться хороших результатов.

Ермек ДЮСЕМБАЕВ,
судья Текелийского городского суда.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ВЕЛОСПОРТ

ЖАСЫЛ ҚҰРЛЫҚТАҒЫ ЖЕҢІС

Талдықорғандық Евгений Федоров Воллонгонгтағы (Австралия) тас жолында велоспорттан U23 әлем чемпионатының алтын медалін жеңіп алды.

23 жасқа дейінгі велоспортшылар арасындағы жарыста Қазақстан ұлттық құрамасының мүшесі, Astana Qazaqstan Team велоклубының өкілі Евгений Федоров алдына жан салмады. 169.8 шақырымға созылған қашықтықты отандасымыз 3 сағат 57 минутта жүріп өтіп, әлем чемпионы атанды. Мәреге екінші боп чехиялық Матиас Вачек келіп, күміс жүлдеге қол жеткізсе, норвегиялық Сорен Вереншельд қоланы қанағат тұтты.

– Бұл жеңіс үшін қатты тырыстым. Мұндай өрге шығатын жолдар менікі емес деп ойлайтынмын. Бірақ егер осы кедергіден өтсем, мәреде жеңіске жету мүмкіндігі болады деген үміт болды. Кішкене тырыссам, соңғы өр жолдың қалғанын іштей сездім. Мен өте бақыттымын. Командам үшін де, өзім үшін де қуаныштымын», – дейді велошабандоз.

Айта кетейік, Қазақстан бұл турнирде 10 жыл бұрын жеңіске жеткен. Азия ойындарының жеңімпазы, Азия чемпионы Алексей Луценко 2012 жылы дәл осы санатта жаһандық доданың бас жүлдесін олжалап, чемпион атанды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

БОКС

БЕНТЛИМЕН БЕТПЕ-БЕТ

WBO нұсқасы бойынша орта салмақта әлем чемпионы атанып отырған қазақтың кәсіпқой боксшысы Жәнібек Әлімханұлы өзінің келесі кездесуін 12 қарашада АҚШ-тың Лас-Вегас қаласында ұлыбританиялық Дензел Бентлимен өткізеді.

Дензел 1995 жылдың 29 қаңтарында Ұлыбританияның астанасы – Лондонда туып өскен. Кәсіпқойлар арасында жұдырықтасып жүргеніне бес жыл болды. Сол аралықта 19 кездесу өткізіп, 17 рет жеңіске жетті. 14 қарсыласын есінен тандырды. 2020 жылдың күзінде ол Марк Хефронмен тең түссе, 2021 жылдың көктемінде Фелика Кэштан ойсырай ұтылды. Бұл жекпе-жек үшінші раундта тоқтатылды. Бентли өзінің соңғы үш бәсекесінде Сэм Эванс, Линнус Удофия және Маркус Моррисон сынды танымал былғары қолғап шеберлерінен басым түсті. Оның кәсіпқой бокстан өз елінің екі дүркін чемпионы деген атағы бар.

Орта салмақтылардың рейтингінде 14-орында тұрған Дензел Бентли Жәнібек Әлімханұлы алтын белбеуді иеленген бетте оны жекпе-жекке шақырған еді. Қандасымыз оның бұл ұсынысын қабылдады. Міне, енді қазақтың ұлы әлем чемпионы ретінде өзінің алғашқы жекпе-жегін 12 қарашада өткізеді.

Естеріңізге сала кетейік, 29 жастағы Жәнібек үстіміздегі жылдың 21 мамырында ұлыбританиялық Дэнни Дигнумды екінші раундта ұрып жығып, «уақытша чемпион» атағын иеленген болатын. Тамыз айының аяғында ол WBO-ның толық құқылы чемпионы атанды. Себебі сол күнге дейін теңдессіз деп танылып келген американдық Деметриус Андраде өз атағын қорғаудан бас тартып, басқа салмаққа ауысты.

РИНГКЕ ШЫҒАДЫ

1 қазанда Польшаның Люблин қаласында өтетін кәсіпқой бокс кешінде үш спортшымыз бақ сынайды. Олар – Бекзат Нұрдәулетов, Мейірім Нұрсұлтанов және Бекман Сойлыбаев.

Жартылай ауыр салмақтағы Бекзаттың әуесқойлар арасында әлем чемпионы деген атағы бар. 24 жастағы Маңғыстау облысының тумасы кәсіпқойлар арасында 2020 жылдан бері өнер көрсетуде. Сол аралықта ол бес жекпе-жек өткізіп, барлығында жеңіске жетті. Польшада Нұрдәулетов грузиялық Яго Кизириямен (6-8, 4 КО) күш сынасады. Орта салмақтағы Мейірім – жастар арасында Азия чемпионы, WSB додасының жеңімпазы. Семей өңірінде дүниеге келген 29 жастағы Нұрсұлтанов 2016 жылдан бері кәсіпқойлармен сайысқа түсіп, 17 бәсекенің барлығында басымдық танытты. Ол өзіне тиесілі WBO International нұсқасының алтын белбеуін сақтап қалу үшін аргентиналық Марсело Фабиано Касереспен (18-4, 13 КО) кездеседі.

Ал жартылай жеңіл салмақтағы Бекман Сойлыбаев (14-1, 5 КО) Оңтүстік Африка Республикасының өкілі Сифосетху Мвулмен (16-4-1, 7 КО) шеберлік байқасады. Ол да алтын белбеу үшін таласады.

ХОККЕЙ

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫН ӨТКІЗУГЕ НИЕТТІ

ҚАЗАҚСТАН ШАЙБАЛЫ ХОККЕЙДЕН 2027 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫН ӨТКІЗУГЕ РЕСМИ ТҮРДЕ ҰСЫНЫС БІЛДІРДІ. БҰЛ АҚПАРАТ АТАЛҒАН СПОРТ ТҮРІ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ САЙТЫНДА ЖАРИЯЛАНДЫ. ЖОҒАРЫДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТЫ ЖАНКҮЙЕРЛЕР ЖЫЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ.

Осыдан бірер күн бұрын Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Халықаралық шайбалы хоккей федерациясының басшысы Люк Тардиф арасындағы кездесу барысында осы тақырыпта кеңінен әңгіме қозғалған еді. Сол кезде Мемлекет басшысы біздің елде спорттың осы түрімен 14 мыңнан аса адам айналысатынын тілге тиек ете келе, жер-жаһанның ең мықты командалары бас қосатын бәсекені аса жоғары деңгейде өткізе алатынымыз жайында мәлімдеді. Қазақстаннан бөлек, бұл жарысты қабылдауға Германия мен Норвегия да ниет білдіріп отыр.

Өткенге зер салсақ, әлемдік дода сонау 1920 жылдан бері ұйымдастырылып келеді. 85 мәрте жалауы желбіреген жарыстың дені Еуропа елдерінде өткені белгілі. Одан бөлек, АҚШ-та үш және Канадада бір рет шымылдығы түрілді. Егер таңдау Қазақстанға түссе, онда шайбалы хоккейден осындай бәсі жоғары бәсеке Азия құрлығында алғаш рет ұйымдастырылмақ.

Қазақстан құрамасы әлем чемпионаттарында 10 рет бақ сынады. Алғаш рет 1998 жылы Швецияда бой көрсетсек, соңғы рет биыл Финляндияда бақ

сынадық. Ең үздік көрсеткішке 2021 жылы Латвияда қол жеткіздік. Балтық жағалауындағы жарыста 10-орынға табан тіредік. Сол чемпионат барысында небір азулы командалармен терезесі тең өнер көрсеткеніміз жанкүйерлердің жадында.

Естеріңізге сала кетейік, келесі әлем чемпионаты 2023 жылы Финляндияның Тампере мен Латвияның Рига қаларында өтеді. 2024 жылғы жарысты Чехияның Прагасы мен Остравасы қабылдайды. 2025 жылғы дүбірлі доданың жалауы Швецияның Стокгольмі мен Данияның Хернингінде желбірейді. Ал 2026 жылғы біріншілік Швейцарияның Цюрихы мен Фрибурында ұйымдастырылады.

ВОЛЕЙБОЛ

АЙЛАСЫН АСЫРА АЛМАДЫ

Бұл күндері Нидерланд пен Польшада волейболдан әйелдер арасында әлем чемпионаты өтіп жатыр. Жарыстың алғашқы күнінде Қазақстан құрамасы АҚШ қыздарымен кездесіп, жеңіліп қалды.

Дүниежүзінің 24 құрамасы бақ сынап жатқан әлем біріншілігінде қазақстандық волейболшылар «С» тобында АҚШ, Сербия, Германия, Болгария және Канада өкілдерімен сынға түсіп жатыр. Жерлестеріміз бірінші турда былтырғы Токио Олимпиадасында топ жарған АҚШ құрамасымен кездесіп, 3:0 есебімен жеңіліп қалды. Қазақстандық қыздар алғашқы кезеңде қарсыластарына 16:25 есебімен жол берсе, кейінгі екі сетте 13:25 және 12:25 есебімен ұтылып қалды. Жаһандық додаға осымен бесінші мәрте қатысып жатқан Қазақстан құрамасы кейінгі кездесуін бүгін Германиямен өткізеді. Әлем біріншілігі 15 қазан күні мәресіне жетеді.

ТЕННИС

ҚОЛА ЖҮЛДЕНІ ИЕЛЕНДІ

Қазақстандық жас спортшылардың қатысуымен Тбилисиде үстел теннисінен WTT Youth Contender халықаралық турнирі өтті.

Сарвиноз Миркадирова 19 жасқа дейінгілер арасында өткен сайыста қола жүлдегер атанды. Жарыс барысында Сарвиноз Миркадирова Грузия елінің спортшылары Нини Липартияны - 3:0 есебімен, Тако Рижваджені - 3:1 ұпайымен, ал Армения елінің спортшысы Мане Казарянды - 3:0 есебімен ұтты.

Финалда өнер көрсету үшін Сарвиноз Гонконг спортшысы Конг Цз Ламмен сайысқа шығып, 1:3 есебімен ұтылды.

Түркістан облысының спортшысы Сарвиноз Миркадированың бұл жеңісі қазақстандықтардың қоржынындағы екінші жүлде. 22 қыркүйек күні дәл осы Тбилисиде өткен үстел теннисінде он бір жастағы Марлен Жұмағұл күміс жүлдегер атанған еді.

Материалдар «egemen.kz» сайтынан алынды

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

Мерекe құтты болсын!

ҰСТАЗ – ҰЛАҒАТТЫ ҰҒЫМ

Панфилов ауданындағы Ш. Байбатшаев атындағы орта мектепте ұстаз болғаныма бір жылдай уақыт болды. Ең алғаш білім ордасына келіп қызметімді бастағанда іштей қобалжыған едім. Сол шақтарда өзінің тәжірибесімен бөлісіп бағыт-бағдар берген, ұлағатты ұстаз, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Нүптекеева Бақытгүл Батталғазықызы болды.

Бақытгүл Батталғазықызы 35 жылдан астам уақыт осы мектепте ұстаздық қызметті атқарып келеді. Ол әрдайым жақсы қасиеттерді бойымызға сіңіріп, оқушылармен қалай жұмыс істеп, оларды қалай жетілдіру керектігі жайлы ақыл-кеңесін айтып отырады. Осындай білікті ұстаздардың сөзінен, ісінен біз әрбір оқушыға деген қамқорлықты, кеңпейілділікті сезінеміз. Расында оның бастауыш сыныбының мұғалімі екені бірден білінеді. Тұла бойынан байсалдылық, мейірімділік, ұстамдылық, әділдік, білімділіктің лебі есіп тұрады. Апайымыз өзінің қызмет жолындағы ерен еңбегімен баршамызға үлгі.

Бақытгүл Батталғазықызын ұстаздар күні мейрамымен құттықтаймын. Ұстаздық жолдағы еңбегі әрдайым жемісті болып, біз секілді мамандарға үлгі болып, аман-есен жүре берсін. Мерекеңіз құтты болсын, ұлағатты ұстаз!

Талшын ДҮЙСЕНҒАЛИ,
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі.
ПАНФИЛОВ АУДАНЫ

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

«Қарттар үйінде тұрамын»

Қазақтың біртуар дарынды ұлы Мұхтар Шаханұлының туған әпкесі Ізет Шаханқызы Шымкент қаласында тұрады. Әлі де тың, тілге шешен апамыздың әзілқой, уытты сөздерімен халықты таныстырғымыз келді.

Қасқасуға ағайыншылап, қыдырып, алыстан қонақтар келеді. Бұл ауылда ақын Мұхтар Шахановтың туған әпкесі Ізет апа тұратынын естіген Мұхтардың өлеңін жатқа оқитын біреуі:

– Ізет апаның қолын алып, амандасып шығайық – деп қолқа салса, бәрі құп көріпті.

Ізет апа үлкен ұлы Аманбайдың үйінде жүр екен. Қонақтар үйге кіріп, амандасып, шәй ішіп, әңгіме-дүкен құрып отырғанда қонақтың бірі:

– Апа, кімнің үйінде тұрасыз? – деп тосыннан сұрақ қояды.

– Қарттар үйінде тұрамын – дейді қу тілді апа. Қонақтар аңырап, түсінбей үн-түнсіз қалады.

– Үлкен ұлым жетпістен асты, келінім жетпіске келді. Екеуі де шал мен кемпір, таяқ сүйеніп жүреді. Мен де таяқ сүйеніп оларға қосылғанда, қарттар үйі болмағанда несі қалды? – деп бір күлдірген екен.

Менің жасымды бермесін. . .

Ізет апа Қалампыр деген қызының үйінде отырса, ауылдың қатын-қалаштары жиылып қалады. Ас ішіп, тарқар кезінде:

– Апа, бізге сіздің жасыңызды бересін! Сіздің жасыңызға жету біз үшін арман, бақыт ғой – дейді бәрі бірауыздан шулап.

– Менің жасыма жетсең жетісерсің, – деп апа дүңк еткізеді. Шулап тұрғандар жым болады. Бәріне бағдарлап, бір қарап алады да:

– Менің жасымды бермей-ақ қойсын. Тұрсам отыра алмаймын, отырсам тұра алмаймын. Төрт аяқтап жүргеннің несі жақсы? – депті ашы мысқылмен.

Оттай береді. . .

Бір жиында қонақ болып келген Ізет апаға:

– Әже, жүзге келіңіз, шөпшек көріңіз, бақытты болыңыз – деп үй иесі алғысын білдіріп жатады. Сонда Ізет апа:

– Мұндай тілегіне маған қарайтын келіннің не айтқысы келетінін естігің келе ме?

– Иә, депті үй иесі.

– Ессіз қалғыр, өздері бақпайтын болғасын оттай береді екен-ау дейді ол, – деп жеңіл жымиыпты апамыз.

Кімге бердің?

Ізет апа немере келінін түсіріп, той өтеді. Екі жақ бір-біріне қалың малын тапсырып, китін бөлісіп, кәкір-шүкір тауарларын алмасып, қыздың төркінінен келгендер қоштасып жатады. Ізет апаға қыздың шешесі:

– Ал, құдағи, деніңіз сау болып, жастардың алдында қарайып жүре беріңіз. Қызымды тұмсықтыға шоқытпай, қанаттыға қақтырмай мәпелеп, қағып, бағып өсірдім. Қызымды қызыңыздай көріңіз, сізге тапсырдым – депті.

– Құдағи, қызыңды маған несіне тапсырасың? Жасым сексен алтыда, – депті апа. Сасып қалған құдағиы қызарып кетеді.

– Қызыңды кімге бердің, соған тапсыр, – деп жұртты бір күлдіріпті.

qazaqadebieti.kz сайтынан алынды.

КЕРЕК ДЕРЕК

КҮРІШ СУЫНЫҢ ПАЙДАСЫ

Бұл – ежелгі Қытай рецепті. Уақытпен тексерілген, тән саулығын сақтау мәселесінде басты шара саналатын, әдеттегі медициналық әрекеттер пайдасын тигізбеген кезде жасалатын амал деседі.

Қытайлықтар күріштi ерекше жақсы көреді. Бұл тағамды көп тұтынатындары да кездейсоқтық емес. Дұрыс дайындалған күріш өмірді ұзартып, ағзаны қажетті заттектермен қамтамасыз етіп отыратын өте пайдалы тағам.

Күріш жеп отырған кезде ағзаңыздағы токсиндер сыртқа шығады, асқазан мен ішек жұмысын ретке келтіреді.

Дегенмен күрішке қарағанда оның суының пайдасы мол. Егер бұрын-соңды күріш суының пайдасы туралы естімеген болсаңыз, бұл жазбаны сақтап қойғаныңыз жөн. Ал айтарымыз мынау: мінсіз келбет, күш-қуат, сау тері күріш суын тұтынатын адамдардың серігі. Күріш суы ағзаны көмірсулармен қамтамасыз етіп, асқазан ауруын емдейді, артериялық қысымды ретке келтіреді. Оба ауруының алдын алады. Мұнымен қатар, оның косметикалық қасиеті бар. Саңылаулардың аузын бітеп, тері түсін біркелкі етіп, майлылық деңгейін азайтады.

Ертеде қазіргідей арнайы дайын сусын мен тағамдар шықпаған кезде, ата-аналар балаларын осы сусынмен тамақтандырған. Бүгінде жиі айтылатын «бұрынғының балалары мықты болған» деген сөз осындай табиғи ас-судың арқасы екені жасырын емес.

Иә, ертеректе күріш суының арқасында дисбактериоз, гепатит сынды аурулар өте сирек кездесетін болған. Ол өте қарапайым әдіспен дайындалады: аз мөлшердегі күріштi суға салып қайнатыңыз. Бір стакан суға бір ас қасық күріш жеткілікті. Күріш жартылай піскен шақта су түсі өзгереді. Онымен күніне екі рет бетіңізді жуыңыз. Бір аптаның ішінде оң нәтижесі байқала бастайды. Ал күріштi суға қайнатып, оған айран қосып ішсе, асқазан-ішекті тазартып, ағзаны, теріні жасартатын дайын детокс дей беріңіз. Үш немесе бес күнге созылған осындай диета ұстансаңыз жасушалар да жаңарып, ағзаға жиналған тұздан арыласыз. Бұл «диетаның» ерекшелігі – күріш айран ботқасын қалауыңызша жей беруіңізге болады.

Айтпақшы, күріш қайнатылған суды жиірек ішу бауырды сауықтырады.

bilimdiler.kz сайтынан алынды

СӨЗ ЖОҚ

Қала орталығы – «Арбат»

Бетті дайындаған А. НҰРЖАПАР

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші
Айдана СМАҒҰЛ – тілші

Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР.

Алатау
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.
Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 980
Индекс 15534